

## КҮН ТӘРТІБІ

БАСТЫ МІНДЕТ –  
ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ

2-бет

## АЙНА

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА  
БАСЫМДЫҚ БЕРДІ

3-бет

## КЕЛБЕТ

ТЕГЕУРІНДІ  
ТЕРГЕУШІ

4-бет

## ДИДАРҒАЙЫП

АҚКӨЙЛЕК АЗАМАТ,  
АРҚАЛЫ АҚЫН ЕДІ

5-бет

## ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ БІЛІМ ОРДАСЫ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
30 ЖЫЛ

Жезқазған гуманитарлық колледжінің құрылғанына биыл 55 жыл толып отыр. Аймағымыздағы іргелі білім ұясының тарихы 1966 жылы ашылған Жезқазған педагогикалық училищесінен бастау алады. Содан бергі жарты ғасырдан астам кезеңде оркени өзгерістер мен өміршең өрлеуді бастан өткерген колледж қазіргі таңда тамыры терең тағлымды білім ордасына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған өткен жылғы Жолдауында қолжетімді әрі сапалы білім беру жөніндегі міндеттерді саралап бергені белгілі. Соның ішінде кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие, білікті мамандарды қалыптастыруға бағыттау қажеттігін алға қойды. Гуманитарлық колледж бүгінде өз жұмыстарын осы талапқа сай жоғары деңгейде ұйымдастыруға ұмтылуда.



ЖОЛДАУЫ 2020

Колледждің өткен тарихы мен қалыптасу жолына үңілетін болсақ, 1966-1974 жылдар аралығында алғашқы директоры болған А.Ә.Сапаковтың есімі оқу орнының ірге тасын қалаушылардың бірі ретінде құрметпен аталады. Жезқазған облыс орталығына айналған 1973 жылы педучилищеде алғашқы қазақ тобы ашылып, бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша 30 оқушы қабылданыпты. Одан кейін 1974-1983 жылдары Қ.Серкебаев басшылық жасаған тұста училище жаңа гимнастика көшіп, материалдық-техникалық базасы нығая түскен. Сондай-ақ, училищенің 1983-1987 жылдары Т.Баянқұлов, 1987-1990 жылдары

А.Т.Ким басқарды. Ұзақ жылдар, 1990-2006 жылдар аралығында директор болған Ф.Қ.Исмағанбетовтің есімін де колледж ұжымы зор ілтипатпен атайды. Өткен ғасырдың 90-жылдарындағы өзгерістерге байланысты білім саласында да оңтайландыру саясаты жүргізілді. Осыған орай 1996 жылы Сәтбаев қаласындағы мәдени-ағарту училищесі мен Жезқазған музыкалық колледжі біріктіріліп, Жезқазған гуманитарлық колледжі болып қайта құрылды. Кейіннен музыкалық колледж өз алдына дербес бөлініп шықты. 1999-2000 оқу жылында қазіргі қоғамымызға аса қажетті болып отырған ағылшын тілінің мұғалімдерін дайындайтын бөлім ашылды. Уақыт үрдісімен алға басып, 2006-2016 жылдары директор болған Қ.Д.Жанасевтың, 2016-2018 жылдарда басқарған А.Сарбасваньң тұсында да колледж мәртебесі өз деңгейінде болды. Колледждің қазіргі директоры А.С.Исахова ұжымды 2018 жылдың наурыз айынан бері басқарып келеді. Ол ардагер буынның ізгі дәстүрлерін жалғастыра отырып, оқу-тәрбие жұмысын қазіргі өскелең заман талабына сай ұйымдастыруға баса көңіл бөлуде.

Колледж 2019 жылы аймақ бойынша «Үздік оқу орны» атағын жеңіп алған көрінеді. Білім берудегі инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білген іргелі ұжым болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған жұмыстарын жүйелі жүзеге асыруда. Сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандар даярлап, білім беруді сапалы жүргізу нәтижесінде институционалдық аккредитациядан ойдағыдай өтіп, өз мүмкіндіктерін жақсы қырынан тағы бір дәлелдеп отыр. Жезқазған гуманитарлық колледжі қазірде бастауыш сынып мұғалімін, мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиешілерін, бастауыш сыныптағы информатика мұғалімін және шет тілі мұғалімін даярлауда аймағымызға кеңінен таныма.

►► 8-бетте

## Құрметті ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мереке – Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Тәртіпті, заңдылықты және азаматтардың тыныштығын сақтау, Отанға адал қызмет ету – бұл полиция қызметкері атағын лайықты алып жүрген адам үшін бағдар ретінде қызмет ететін ұғымдар. Олар осы қызмет өкілдеріне үлкен жауапкершілік жүктейді, өйткені әрбір азаматтың өмірі мен денсаулығы мемлекеттің басты құндылықтары болып табылады.

Жанкиярлық, таңдалған іске адалдық, батылдық, жоғары моральлық ұстаным сияқты қасиеттер осы қауіпті де күрделі, қай кездерде болсын қажет әрі маңызды кәсіптің иелерін сипаттайды.

Бүгінде бүкіл әлем қиын кезеңнен өтіп, пандемия жағдайында өмір сүруде. Қазіргі заманның жаңа сын-қатерімен күресу үшін барлық күштер жұмылдырылды. Полиция – бұл процестің алдыңғы шебіндегі қызметтердің бірі. Бүкіл ел бойынша 52 000 – нан астам адам – полицейлер, құтқарушылар, әскери қызметшілер және ішкі істер органдарының медицина қызметкерлері блокпостарда үздіксіз қызмет атқарып, тіршілікті қамтамасыз етудің маңызды объектілерін, медициналық мекемелер мен карантиндік аймақтарды күзетті. Қабылданған шаралар мен барлық құқық қорғау органдары мен денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің жауапты еңбегінің, сондай-ақ еріктілердің көмегінің арқасында пандемияның ауыр кезеңін еңсеруге қол жеткізілді.

Жезқазған қаласының полиция басқармасында 283 қызметкер қызмет етеді, олардың 10-ы құқық қорғау органдарының қызметіне қосқан үлесі үшін марапатталған, бір қызметкер «ІМ үздігі» медалінің иегері. Мұның бәрі айтулы мамандық өкілдеріне берілген лайықты баға деп білеміз. Бірақ олардың әрқайсысы үшін үлкен сыйлық – бұл олардың күнделікті жұмысының арқасында құқық бұзушылық көріністерінен тәртіп пен заңдылықтың үстем болуына теге-теңдігінің сақталуы.

Осы тамаша мерекеде біз құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне күш-жігер, табандылық, принципке берік болуды және атқарылар жұмыс тиімділігінің басты көрсеткіші ретінде қылмыс деңгейін төмендетуде тұрақты оң динамика тілейміз.

Денсаулықтарыңыз мықты, отбасыларыңыз аман және қиын да қажырлы еңбектеріңіздің табысты болуына тілектеспіз!

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ  
Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы Әбдірахман ДОСАНОВ

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР! ҰТАТЫН КЕЗ КЕЛДІ!

ULY DALA ұсынған KIA RIO 2020 автокөлігі және бағалы сыйлықтардың ең үлкен ұтыс ойынына небәрі 15 күн қалды!

**ULY DALA HYPERMARKET** **ҰТАТЫН КЕЗ КЕЛДІ!**

**KIA RIO АВТОКӨЛІГІ ЖӘНЕ КӨПТЕГЕН ҚҰНДЫ СЫЙЛЫҚТАРДЫҢ ОНЛАЙН ҰТЫСЫНА НЕБӘРІ 15 КҮН ҚАЛДЫ**

Uly Dala-дан САТЫП АЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

**02 ШІЛДЕ 2021 Ж**

Барлық АҚПАРАТТЫҚ АЛАНДАРДА @HYPERMARKET\_ULYDALA

**AQSHAM** **etozhez**

### ҰТЫС

02.07.21 ж. сағат 12:00

@aqshamtv телеарнасында, @etozhez @my.zhez әлеуметтік желі парақшаларында және Uly Dala супермаркетінің @hypermarket\_ulydala арнайы парақшасында өтеді.

20 000 теңге сомаға тиімді сәуірдегі ұтыс үшін, ULY DALA сәуірдегі әлеуметтік сыйлықтардың бірін **ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!**

- KIA Rio New FL Classic Audio автокөлігі
- Қазақстан Республикасы бойынша денсаулық пен демалыс үшін 2 адамға арналған 10 күндік жолдама.
- Скутер
- Кір жуғыш машиналар
- Электросамокаттар
- Теледидар
- Керамикалық асуы пеші
- Мұздатқыштар
- Тоңазытқыш
- Үрленетін қайық
- Велосипед
- Ауабатпағыштар
- Саяжай жиынтықтары
- Алақөл ақшатыры
- Шаңсорғыш
- Көрпекап

Ыстық ықыласпен, Сіздің ULY DALA!

## ЖАҢА МҮМКІНДІК

ULY DALA гипермаркеті «Kazakhmys Holding» жұмыскерлеріне «жалақы есебіне» несие алу мүмкіндігі бастау алғанын қуанышпен хабарлайды.

Әлемге әйгілі техника өндірушілерден көңіліңіз қалаған цифрлы, тұрмыстық техниканы гипермаркеттен таңдап ала аласыз.

Тапсырыс үстелі қамтылған.

300000 теңгеге дейінгі несиені рәсімдеу үшін, келесі шарттарды орындау қажет:

1. Өзіңіздің жұмыс орныңыздағы кәсіподақ ұйымына ULY DALA гипермаркетінен пайызсыз несие алу мақсатында өтініш тапсырып, қолдау алу.
  2. Жұмыс орныңыздағы бухгалтерлік бөлімнен соңғы 12 айдағы жалақы есеп анықтамасын алу.
  3. ULY DALA гипермаркетінен қалаған тауарды таңдау.
  4. Гипермаркеттегі тіркеу орнына несиені рәсімдеуге өтініш беру.
  5. Несие келісім-шартының 1 данасын жұмыс орныңыздағы бухгалтерия бөліміне тапсыру.
- «Қазақмыс» корпорациясында жұмыс істейтін сатып алушыларға, «Хоум КредитБанк» арқылы несие алу мүмкіндігі бар екенін хабарлаймыз.

Аса қамқорлықпен, Сіздің ULY DALA!

**ULY DALA HYPERMARKET** **KAZAKHMYС**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!** **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!**

ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАНЫҢ КӨПТЕГЕН ТҮРЛЕРІ ҚАМТЫЛҒАН

**БӨЛІП ТӨЛЕУ 4 АЙҒА!**

**БАСТАПҚЫ ТӨЛЕМСІЗ**

ЖШС «КОРПОРАЦИЯ КАЗАХМЫС»  
ЖШС «Kazakhmys Maintenance Services»,  
ЖШС «Kazakhmys Distribution»,  
ЖШС «Kazakhmys Smelting», ЖШС «Kazakhmys Energy» жұмыскерлеріне

Тел.: для справок: 8 708 7750069 /Батыр/; 8 747 215 47 05 /Самал/

## Құрметті Жезқазған қаласының медицина саласының қызметкерлері!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мереке – Медицина қызметкерлері күнімен құттықтаймыз!

Медицина кәсібі – адамгершіліктің асылы. Қай кезде де ақ халатты абзал жандардың миссиясы аса маңызды және бұл мереке әрқашан Сіздердің ерен еңбектеріңіздің қаншалықты баға жетпес әрі ерекше екенін паш етуге қызмет етпек.

Қаламыздың 18 медициналық мекемесінде 1694 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 391 дәрігер, 1303 орта медициналық қызметкер. Тек осы жылдың өзінде 60 жерлесіміз марапаттарға ие болып, үздік деп танылды. Олар «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін», «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Алтын дәрігер», «Кәсіби жетістіктері үшін», «Мейірім» төбелгілерімен, ҚР Денсаулық сақтау министрінің, Қарағанды облысы әкімінің, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының, Жезқазған қаласы әкімінің, «Nur Otan» партиясының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Біз пандемия кезіндегі кәсіби ерліктеріңізге шексіз таңданамыз. Ол бізге өмірдің шынайы құндылығын және Сіздер өз өмірлеріңізді арнаған істің мәнін, еңбектеріңіздің шынайы адами тұрғыдағы ұлылығы мен күрделілігін толық түсінуге, сезінуге мүмкіндік берді.

Ең алғашқы күндерден бастап Сіздер алдыңғы шепте болып, әр минут сайын денсаулықтарыңызға қауіп төндіріп тәуекелге бардыңыздар. Сіздер аптап тауған-туысқандарыңызды көрмей, адамдардың амандығы үшін шайқастыңыздар, тіпті адам баласы мүмкіндіктері мен күшінің шегіне жеткен кездер де болды. Біз баршаңызға – жедел жәрдем, санитариялық авиация бригадаларының қызметкерлеріне, жалпы практика дәрігерлеріне, дәрігер-мамандарға және фельдшерлерге, медбикелерге, кіші медициналық персоналға, техниктер мен жүргізушілерге ризашылығымызды білдіреміз.

Жүздеген аман алып қалған өмірлер үшін. Сіздерге мың алғыс!

**Қымбатты медицина қызметкерлері!** Сіздердің атқарып жатқан игілікті істеріңіз шабыт пен жеңіс әкелісін, ал қиыншылықтар жаңа кәсіби шыңдарға көтерер кадам болсын!

Сіздерге осы мереке күні денсаулық, отбастарыңызға амандық және табыс тілейміз! Қызығы мен ауыртыпалығы мол еңбектеріңізге тек пациенттеріңіздің алғысы тарту болсын! Мерекелеріңізбен!

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат ӘБСАТТАРОВ  
Жезқазған қалалық мәслихат хатшысы Әбдірахман ДОСАНОВ



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

БІЛІМДІ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ – МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТ



«Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызуды үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев үздіксіз білім беру тұжырымдамасын жасап, XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді болуы керек деген нақты талап қойды. Аталған талапқа жауап беру жолында отандық білім беру саласында түрлі реформалар мен қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Бүгін біз Жезқазған қаласындағы мектепке дейінгі тәрбие мен жалпы білім беру ұйымдарының жай-күйін әңгімеге арқау етпекпіз.

Жалпы Жезқазған қаласының білім ұйымдарына 30 мектепке дейінгі балалар мекемесі (14 мемлекеттік бөбекжай, 11 мектеп жанындағы шағын орталық, 5 жекеменшік бөбекжай), 19 жалпы білім беретін мектеп пен 1 кешік мектеп, сондай-ақ, балалар өнер мектебі және балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы сынды екі бірдей қосымша білім беру мекемесі, 1 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті кіреді.

Білім беруді дамытудың негізгі бағыты 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиенен және оқытумен қамту болып табылады. 2020 жылы жалпы жобалық қуаттылығы 70 орындық қурайтын «Дария» жекеменшік бөбекжайы ашылды. Соның арқасында қамту көрсеткіші 74,1%-дан 76%-ға дейін артты. 2021 жылы қаланың 3 ықшамауданында орналасқан жаңа 320 орындық балабақша құрылысының аяқталуы жоспарлануда. Нәтижесінде балаларды балабақшамен қамту 82%-ға дейін жетпек.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға ерте дамуға жағдай жасау мақсатында барлық мемлекеттік және жеке меншік бөбекжайларда балаларды 2 жастан бастап қабылдайды. Жезқазған қалалық мәслихатының 2020 жылғы 02 маусымдағы сессиясының №46/402 шешімімен 2020 жылдың шілдесінде айынан бастап 5 жекеменшік бөбекжайларда («Дария», «Шапағат», «Бақыт», «Алтын бесік», «Мирас») барлығы 282 орынға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды.

2021 жылдың 4 ақпанында «INTELLIGENT IT» жауапкершілігі шектелуі серіктестігімен INDIGO «Электронды кезек» және «Тамактануды қадағалау» модулі бойынша білім бөлімі арасында келісімшарт жасалды. Ата-аналар осы INDIGO порталындағы «жеке кабинеті» арқылы өздігінен балабақша кезегіне

қою, жолдама алу және баланың балабақшада болған кездеріндегі тамақтану режимін қадағалай алады. Оған қоса, порталда жұмыс істеу тәртібінің нұсқаулығын, қаладағы барлық мектепке дейінгі ұйымдар туралы толық ақпаратты, баланың туған жылына қарай кезектілікті, балабақшаға жолдама алу үшін берілетін «кезектен тыс» және «бірінші кезектілік» жеңілдіктері тәсілі туралы саясаты және бос орындар туралы ақпаратты көре алады.

Инклюзивті білім беруде 12 мемлекеттік бөбекжайларда (Көктем, Айналайын, Балбөбек, Тамаша, Балауса, Айгөлек, Айсулу, Үшқын, Арман, Саптанат, Ерғестік, Балдырған) инклюзивті топтары жұмыс істейді. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға логопед, дефектолог, психолог мамандары қызмет жасайды.

«Жезқазған қалалық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 38/347 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Жезқазған қаласының мұқтаж азаматтарының жекеменшік санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жезқазған қалалық мәслихатының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 39/345 шешімінің 12 тармағына сәйкес жылына екі рет маусым, желтоқсан айларының мереке күндеріне орай мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және оқылатын балалары бар көпбалалы аз қамтылған отбасыларға балабақша төлемдеріне 50% (бір айға 2 мен 3 жас аралығы 4900 тт, 3 пен 6 жас аралығы 5900 тт) жеңілдік қарастырылған. 2020 жылдың желтоқсанында балабақшаның кезекші топтарына барып жүрген 12 көпбалалы аз қамтылған отбасы осындай әлеуметтік көмекке ие болды. Жезқазған қалалық мәслихатының 2021 жылдың 19 ақпанындағы шешімімен жоғары-

да аталған әлеуметтік көмек қазіргі таңда алынғып тасталды.

Орта біліммен қамту да өз деңгейінде ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн. Жезқазған қаласынан 7 км қашықтықта орналасқан Геология елді-мекенінен №13 орта мектебіне мектеп жанындағы 156 бала күнделікті тасымалдау арқылы оқиды. Тасымалдау мемлекеттік сатып алу негізінде келісім шарт арқылы жүргізіледі. Материалды-техникалық база да жыл сайын жаңарып, толығып келеді. Мектептердегі оқу процесінде пайдаланылатын компьютерлік техника саны – 3723 бірлік, көрсеткіші: 1 компьютерге 4 оқушыны құрайды. Барлық мектеп кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілген. Мектептердегі математика, қазақ тілі, информатика кабинеттерінде және бастауыш сыныптарында барлығы 15 ПИК (проектор, интернет, компьютер) орнатылған. Жаңа модификациялы пәндік кабинеттермен қамтамасыз ету – 100%; робототехника зертханаларымен – 100%; шеберханалармен – 95%;

Барлық мектептерде «Кәсіптік бағдар» кабинеттері бар. Кабинетте мамандық түрлері, мамандық таңдауға байланысты нұсқаулықтар мен қосымша ақпараттар жинақталған, ақпараттық стилдизингпен безендірілген. Оқушылардың жанына жақын мамандығын, кәсібін табуына ықпал ету мақсатында түрлі шаралар өткізу дәстүрге айналған.

Барлық мектептерде кітапхана және оқу залдары жұмыс істейді. Кітапханалар қажетті жинақтармен, арнайы компьютермен, және интерактивтік тақтамен жабдықталып, кең жолақты интернетке қосылған. Кітаптың негізгі қоры – 459 мың 777 дана, оның ішінде қазақ тілінде – 71 мың 131, орыс тілінде – 72 мың 339, басқа тілдерде – 2 мың 545. Оқулық қоры қазақ тілінде – 188 мың 071, орыс тілінде – 101 мың 550, басқа тілдерде – 18 мың 261 дана.

Инклюзивті білім беруге ерек-

ше көңіл бөлінеді. Мектептерде барлығы ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың 97-сі инклюзивті сыныптарда, 148-і арнайы сыныптарда, 83-і үйден оқытумен қамтылған. Жалпы білім беретін №№3, 13, 21 мектептерде арнайы сыныптар, 15 мектепте (№№1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10, 13, 14, 21, 22, 24, 26, 133) инклюзивті сыныптар ұйымдастырылып, барлық мектептерде мүгедектігі бар балалар үйден оқумен қамтылған.

Барлық мектептерде кедергісіз қолжетімділік бар. Арнайы мамандар 15 логопед, 6 дефектолог, 1 тифлопедагог, 2 емдік дене шынықтыру инструкторы және барлық мектептерде әлеуметтік педагогтар мен педагог-психологтар жұмыс жасайды.

Мектептер үшін сенсорлық бөлмелер (№№3, 10, 13, 21, 24), арнайы парталар (№№3, 10, 13, 21, 24), инклюзивті білім беруіне арналған жабдықтар (№№3, 21), 1-7 арнайы сыныптар үшін интеллектуалды бұзылған балаларға арналған 901 оқу-әдістемелік кешендер сатып алынды. 2021 жылы 1-9 инклюзивті сыныптар үшін жұмыс дәптерлері және 4,6,8-сыныптарға арналған оқулықтар сатып алу жоспарланған.

2019-2020 оқу жылынан бастап №13 мектепте «Болашақ» корпоративтік қорымен аутизм диагнозы бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеті (ИКК) жұмыс істейді. Онда барлығы 8 бала қамтылған.

2017 жылдан бастап Жезқазған қаласында 80 баланы қамтитын түзеу кабинеті жұмыс істейді. Түзеу кабинетінде барлық қажетті жабдықтар бар. Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу» мемлекеттік қызметін көрсетеді.

Гүлсім АЙМАҚОВА, Жезқазған қаласы білім бөлімінің бас маманы



2020 жылғы 31 желтоқсанда бастап прокурорлар күдікті деп тану, оның әрекетін саралау, қылмыстық істі тоқтату және тоқтату туралы тергеу шешімдерін келіседі, сондай-ақ теріс қылықтар мен бұйрықты іс жүргізу туралы хаттамаларды бекітеді.

Қылмыстық процестің үш буынды моделіне көшу Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын орындау мақсатында жүзеге асырылуда.

Қылмыстық салада қылмыстық құдалау орбитасына түскен азаматтардың конституциялық құқықтарын сақтау кепілдігін күшейтуге бағытталған тиісті заңдар мен заңға тәуелді актілер қабылданды. Полиция, прокуратура және сот арасында жауапкершілік аймақтары нақты бөлінген. Бұл формат уақытты үнемдейді және қылмыстық процестің ашықтығын қамтамасыз етеді. Әрине, оң нәтиже бар. Қателер мен бұзушылықтар аз, сәйкессізінше процеске қатысушылардың шағымдарының алғышарттарын азайтамыз.

Жалпы, жыл басынан бері Жезқазған көлік аймағы бойынша тіркелген қылмыстық істердің 91% - ы электрондық форматта тергелді. Оның ішінде 75% біз негізгі шешімдер бойынша келісім берді. Қылмыстық құдалау органы шешімдерінің күшін жою бірнеше есе қысқарды, тергеу сапасы артты.

Басты міндет – азаматтарды қылмыскерлерден қорғауды қамтамасыз ету және заңсыз айыптаудың алдын алу.

Қуанышбек ӘБШЕВ, Жезқазған қалалық көлік прокуратурасы прокурорының орынбасары

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА БАСЫМДЫҚ БЕРДІ

Мемлекеттің байлығы саналатын дені сау ұлт қалыптастыруда спорттық алар орны ерек. Сондықтан да, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елімізде спортты дамытуға жіті назар аударылып, жетістікке жету жолында нақты міндеттер қойылды.

Соның нәтижесінде бүгін бізде түрлі арнайы спорт нысандары бой көтеріп, спортпен жүйелі түрде айналысатындардың саны артты. Сондай-ақ, ұлттық ойындармен қатар олимпиадалық, олимпиадалық емес спорт түрлері қарқынды дамып, әлем арнасында қазақстандық спортшылардың есімдері мақтанышымен атала бастады. Ел тұрғындарының денсаулығын жақсартып, ел намысын асқақтататын мықтыларды үлесту мақсатында қолға алынып жатқан игі қадамдар әлі де жалғасақ. Бұл сөзімізге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауы дәлел. «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне аса назар аудару қажет. Бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет» деген міндет қойылды.



Қазіргі кезде Президент тапсырмасын орындау мақсатында Жезқазған қаласында және оған қарасты селолық округтерде «AULA FIT», «StreetWorkOut», лигаларды өткізуге, тұрғындардың спортпен шұғылдануы пайызын ұлғайту мақсатында шпарттық спорт 10 нұсқаушыны жұмысқа қабылдады. Бүгінде мысты қалада 2 аула клубы жұмыс атқарады. Олар: «Спорт тарландары» және «Белбеу күресінен Қарағанды облысының федерациясы» аула клубтары. Жезқазған қаласының 14-29 жас аралығындағы жастар аталған спорттық мекемелерге белсене қатысады. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру мақсатында 2156 баланы қамтыған 6 қызығушылық клубтары жұмыс істейді. Аталған спорт клубтары өз қаражаттары арқылы қаржыландырылады. Осыған орай, жастардың бос уақытын ұйымдастыру бағытында 2021 жылы аймақтық жоспарға «Спорт клубтарын ашу үшін мемлекеттік тапсырыс аясында қаржы бөлу» тармағы қосылды.

«Жезқазған қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу жұмыстары дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамыту жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарға сәйкес жүргізіледі. 2020 жылға арналған жұмыс жоспарын сәйкес 154 қалалық спорттық жарыс өткізілді. Бұқаралық спортпен айналысуды насихаттау және бұқаралық арттыруды мақсатқа айналдырған жарыстарға барлық мектеп, колледж және университет студенттері белсене қатысты. Сонымен бірге тұрғындарды спортпен шұғылдануға тарту жолында «NAMYS» спорт кешенінде көпшімен сырғанау алаңы жасакталды. Мектептерде оқушылар үшін конфункционалды хоккей қорттарының құйылынуы қадағаланғаны тағы бар.

Қаланың бұқаралық спортын дамытуда мекемелер мен кәсіпорындар, полиция мен банк қызметкерлері, қала мектептері мен колледж, университет мұғалімдерінің

Дастан АЙТУАРОВ, «Жезқазған қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің» ММ бас маманы

АУҚЫМДЫ РЕФОРМА ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, олардың құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету мен жемқорлыққа қарсы күресті күшейту міндетін қоя отырып, құқық қорғау саласын реформалау қажеттігін айтты. Оның айтуынша, заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті жүзеге асырылмайды. Осы ретте Мемлекет басшысы Жолдауының сегізінші «Әділетті мемлекет азаматтардың мүддесін қорғау жолында» атты бағытында халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын құрып, азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қоймай, ең бастысы дұрыс және әділ шешім шығаруды жүктеді.



Жалпы, құқық қорғау органдарының қоғам мен адам өмірінде, тәуелсіздігіміздің тарихында алатын орны ерекше. Ол – мемлекет пен қоғамның негізгі институттарының бірі, ұлттық құқық жүйесінің бөлігі. Егемендігімізді жариялағалы бері конституциялық заңдылық пен ішкі тұрақтылықты нығайтуға, елімізде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарымен ерекше назар аударылды. Соның арқасында елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарымен ерекше назар аударылды. Соның арқасында елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарымен ерекше назар аударылды. Соның арқасында елімізде қоғамдық-саяси тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге құқық қорғау органдарымен ерекше назар аударылды.

«Сот және құқық қорғау жүйесін реформалауды маңызды бағыттарға жатқызып, оған бас мән беріміз керек» деген Президент «құқық қорғау жүйесінің басты міндеті – халықтың сеніміне ие болу» деп белгілегені арқинан-ақ есінде. Сөйбалай жемқорлық жазағандарға, адам сұдыбымен айналысып, балалардың құқығын аяқ асты еткендерге қарастырылған үкімді қатаңдауды жүктенген стратегиялық құжатта ішкі істер органдарына заманауи технологиялық жүйеге көшіру де айтылған болатын. Қазақстанда тәуелсіз бағара бере ала-

тын прокурор, әділ үкім кесетін ашық сотты қамтамасыз ету жолында әлі де атқарылар жұмыстың ауқымды екеніне назар аударатқан Жолдаудың сол бағытында «Жұртқа жақын полиция» қағидатын өміршен ету де сөз болды. Осы талап үдесінен шығу үшін ендігі маңызды қадам маман дайындауды жетілдіру, шектен тыс қызметтерді жою және халықпен жұмыс істеудің жаңа форматына көшу болып табылады.

Сол себептен, 2021 жылдың басынан ішкі істер органдарына қызметке түсетін үміткерлерді іріктеудің ережелері өзгерді. Қазіргі уақытта полиция органдарына қызметке қабылдау конкурсы негізінде іске асырылады. Конкурс рәсімі облыстық аумақтық ішкі істер органдарында өткізіледі. Үміткерлер конкурсы өткеннен кейін тағлымдамашы ретінде тағайындалып, Қазақстан Республикасының ІІМ білім беру мекемелеріне алғашқы кәсіби дайындыққа жолданады. Оқуды үздік аяқтағаннан кейін лауазымдарға 3 айлық сынақ мерзіммен тағайындалады, ол аяқталғаннан кейін ғана алғашқы арнайы атақтары беріледі.

2021 жылдың 1 қаңтарынан конкурстық іріктеу аға және басшылық құрам лауазымдарына ІІО қызметке түсу кезінде бас мамандар және басшылық буындарға сақталады. Қатарындағы кіші және орта басшылық құрам лауазымдарына ІІО қызметке түсу (полицейлер, тергеушілер, жедел уәкілдер, уәкелілік полиция инспекторлар және т.б.) алғашқы кәсіби дайындықтан кейін жүзеге асырылады.

Үміткерлерді іріктеу бойынша жұмысты ұйымдастыру аумақтық органдардың кадр қызметтеріне жүктеледі. ІІО қызметке түсу іріктеуіне қатысуға ниет білдірген азаматтарға сертификат алғаннан кейін Қарағанды қаласы Ерубаев көшесі, 37 мекенжайы бойынша облыстық полиция департаментіне жүгінуі қажет, оларға кадр қызметінің қызметкерлері бос лауазымдар бойынша біліктік талаптарды түсіндіріп, қажетті құжаттардың тізімін береді. Өзімен бірге жеке куәлік, бар білімдері тура-

лы құжаттар, әскери немесе тіркеу билеттері болуы қажет. Содан кейін оларды қалалық, аудандық аумақтық органдарға рәсімдеу үшін қажетті құжаттарды тапсырған соң – медициналық және психологиялық тексеруден, полиграфологиялық зерттеуден өтуге жолдайды.

Жоғары көрсетілген рәсімдерді аяқтағаннан және жеке ісін дайындағаннан кейін үміткер Қазақстан Республикасының ІІМ білім беру мекемелеріне кәсібилік алғашқы даярлыққа жолданады (Алматы, Қарағанды, Қостанай және Ақтөбе академиялары), ол өзіне денешынықтыру дайындығының нормативтерін тапсыру және сұхбаттасу кіреді. Іріктеуден үздік өткен үміткерлер ІІМ оқу орнындағы тыңдаушысы ретінде қабылданады. Оқу аяқталғаннан кейін тыңдаушыларды дайындыққа жолдаған аумақтық органдарының кадрлары сынақ мерзімісіз, алғашқы арнайы атақпен лауазымға тағайындайды.

Жоғарыда айтылған жаңашылдық қызметке қабылдаудың бұған дейінгі рәсіміне қарағанда тиімділігімен ерекшеленеді. Атап айтқанда, қазір қызметке түсу жаңа ережелері қатарындағы, кіші және орта басшылық құрам лауазымдарына кәсібилік алғашқы даярлық арқылы конкурсты және сынақ мерзімдерін алып тастау жолымен жеңілдетіп, қызметке түсу үрдісін қысқартуға мүмкіндік береді.

Егеменді еліміздегі кезең-кезеңімен жүргізіліп жатқан осы құқықтық реформа тәуелсіз мемлекетіміздің стратегиялық даму бағытын айқындайтын құқық қорғау жүйесінің қызметін арттырып, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне көптеген жауапкершілік пен міндеттер жүктейді. Сондықтан, біз тәжірибеміз бен кәсіби біліктілігімізді жетілдіре отырып, әлемнің дамыған отыз елі қатарына бет түзген еліміз арқан осы зор міндетті орындауға барымызды салмақтыз.

Бауыржан ШӨРШЕКОВ, Жезқазған қаласы ПБ кадр саясаты бөлімінің инспекторы, полиция аға лейтенанты

20 МАУСЫМ – МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРІ КҮНІ

Ләззат РАНОВА:

АЗАМАТТАРДЫҢ ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ӨЗГЕРУІ ТИІС

Соңғы жылдары Жезқазған қаласының денсаулық сақтау саласын дамыту қарқын алды. Атап айтқанда, жоғары білікті мамандар тарту, медициналық нысандарды жөндеу, материалдық-техникалық базаны нығайту жолға қойылды. Күні кеше ғана медициналық орталық жанынан базаларды оңалту орталығы ашылса, 2020 жылдың күзінде жаңадан бой көтерген инфекциялық орталық пайдалануға берілді. Бесаспан дәрігерлермен қамтамасыз етілген сол орталықтың арқасында Жезқазған-Ұлытау аймағы коронавирус инфекциясының екінші толқынынан шығынсыз шықты деуге әбден болады. Адам өмірін сақтаушы саланың біз біле бермейтін жетістіктері мен ауқымды жоспарлары көп. Бұл жөнінде денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігі басшысы лауазымына Ләззат РАНОВА егежей-тежежелі айтып берді.



Медициналық орталыққа 128 срез жасайтын «Siemens» томографы, перенаталды орталыққа жүктіліктің барлық кезеңін сапалы бақылауға жақсартуға қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар, барлық қажеттімен жабдықталған онкологиялық диспансер ашу жұмыстары басталып кетті. 62 орынға шақталатын диспансерге біліктілігі жоғары 14 онколог маман тарту жоспары бар. Қалалық емхананың жанынан ашылған ана мен орталығы да бүгінде сұранысқа ие медициналық әрі сауықтыру қызметтерін сапалы ұсынып отырғанын мақтаншып айтпауға болмайды.

– Адам жанының арашасы саналатын мамандардың тапшылық мәселесін қалай шешудесіздер? – 2019 жылы облыс әкімі Ерлан Қошанов пен облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысы Ержан Нұрлыбаевтың қолдауымен Жезқазған қаласы үшін облыстық бюджеттен 10 дәрігер үшін грант бөлінді. Быыл олардың 8-і іске кіріспек. Одан бөлек емдеу мекемелері өз қаржысы есебінен тағы бес маманды хирургия, гинекология, офтальмология бойынша оқытты. Жалпы 2021 жылы Жезқазған дәрігерлерінің қатары 21 жас маманмен толықтап. Олардың қатарында реанимолог, кардиолог, акушер, терапевт, акушер-гинекологтар бар. Қазіргі таңда біздің тапшылық 7 маманды құрап отыр. Бұл мәселе де ертелі-кеш шешілуі тиіс. Өйткені, маман тартуда біздің мүмкіндіктеріміз молайды. Нақтырақ айтсақ, «Қазакмыс» корпорациясының демеушілігімен дәрігерлерге жаңа үйден 20 пәтер қарастырылды. 2020 жылы Гагарин көшесі 70/2 мекенжайында орналасқан көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, денсаулық сақтау балансына өтпек.

– Жезқазған қалалық көпбейінді ауруханасының медициналық құрамына, онда көрсетілетін қызметтерінің сапасына сын жасай алатын кетті. «Қашаңа адам болса, сонша пікір бар» демекші, айтылғанын түгелі дерлік орындаудың өте маңызды. Дәрігерлер, денсаулық қызметкерлері аурухананың жаңарту жұмыстарына қалай қатысады? – Пайдалануға берілгеніне 30 жылдан астам уақыт өткен көпбейінді аурухана ғимараты тозып тұрғаны белгілі. Тағайындалғанына көп болса да көпбейінді аурухана директоры Орал Мазиговтің басамасымен былтырдан бері ауқымды жобалар жүзеге асырыла бастады. Аурухана ғимаратын кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарында. Бүгінгіні өзінде перзентхана үшін 1,2,3 қабаттарда күрделі жөндеу жүргізіліп, ғимарат шатыры ауыстырылып жатыр. Келесі кезекте жеделдетілген жұмыстар, операциялық блок пен жансақтау бөлімін, инфек-

23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Бала күнінде полиция қызметкері болуды армандамаған жан кемде-кем шығар. Қызығы мен шығармашылығы мол осынау мамандық иелерінің еңбектері, әншейінде, көп елене бермейтіні де белгілі. Олар туралы пікірлер де әр алуан. Әйткенмен, қала қауіпсіздігін, тұрғындар тыныштығын күзетіп, ішкі тәртіпті қамтамасыз етіп жүрген полиция қызметкерлерінің көпке көрінбейтінін, біз біле бермейтін еңбектері көп екені аусыз. Полиция қызметкерлері күні қарсаңында мысты шаһардың әрбір тау-тасын жеті бақылап, тәртібін түзеуші Жезқазған қалалық полиция басқармасына барып қайттық. Полиция басқармасында басшылықтан бөлек кезекші бөлімі, ішпа, анықтау бөлімі, криминалды полиция бөлімі, есірткі саудасына қарсы күрес бөлімі, экстремизмге қарсы күрес бөлімі, жедел криминалистік бөлімі, көші-қон қызметі бөлімі, тергеу бөлімі, кадр бөлімі, ақпарат және байланыс тобы, уақытша ұстау изоляторы, қабылдау және бөлу бөлімі, еңбекпен қамту бөлімі, әкімшілік полиция бөлімі, уақселік полиция инспекторы, ювеналды полиция тобы, патрульді полиция ротасы сынды құрылымдар жұмыс істейді.

ТЕГЕУРІНДІ ТЕРГЕУШІ



Қылмыстың бетін ашуда алдыңғы сапта бой түзеп, маңызды міндеттерді мойнына алатын тергеу бөлімі – қашан да қызу қозғалыс пен талас-тартысқа толы жұмыс ортасы. Қалада орын алған әрбір істен алғашқылардың бірі болып хабардар болатын аталған бөлімде 16 маман қызмет етеді. Олардың қатарында тергеу бөлімі бастығының орынбасары міндетін атқарушы Думан Әлжаппаров та бар.

Тәртіп сақшысы болсам деген бала күнгі арманы соңында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне оқуға түсіп, заңгер мамандығын меңгерген ол 2012-2013 жылдары Алатау бөктерінде Отан алдындағы борышын атқарып келді. Одан әрі осы кәсіптегі алғашқы қадамын Сәтбаев қаласы полиция бөлімінің тергеушісі қызметіне бастағанды жөн деп санайды. Араға бір жыл салып, 2015 жылдың қазан айында Жезқазған қаласындағы анықтау бөлімінің анықтаушысы болып ауысады. Өзіне артылған әр істі жауапкершілікпен атқарып, бастаған ісін соңына дейін жеткізе беретін ол тергеу бөлімі бастығының орынбасары міндетін де жоғары дәреже де алып жүреріне сенеміз. Бүгінде бір баланың әкесі атанған ол ұлын туған жеріне, Отанына адал, елінің қамын жеп, Ата Заңын құрмет тұтатын, кісі ақысын жемейтін, үлкенге ибалы, кішіге қамқор нағыз азамат етіп тәрбиеленді өмірінің басты мақсаты еткен. Бөлім мамандарына әрбір істі бөліп беру, бағыт-бағдар сілтеу, тексеру сынды жұмыстар тікелей Думан Әлжаппаровтың қадағалауымен жүзеге асады.

Бұл бөлімде күн сайын сан алуан, түрлі деңгейдегі әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар анықталып, тергеу жұмыстары жүреді. Мысалы Думан Әлжаппаровтың жетекшілігімен ашылған істердің қатарында 2018 жылы «Органیک» дүкені жанында орын алған жол-көлік апаты бар. Жасөспірімді қағып кеткен қылмыскерді анықтап, істі 15 күн ішінде сотқа жөнелткен бөлім мамандарының жұмысы, әрине, мақтауға тұрарлық.

Тергеу бөлімі қызметкерлері алдына келетін істердің басым бөлігін – ұрлық-қарлық пен алаяқтық құрайды. Жұмысқа тұрғызылған деген желеумен 19 адамнан 13 млн теңгеге жуық ақша алып, қашып кеткен алаяқтық кесірінен Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Кенгір елді-мекенінің біраз азаматы ақшасынан айрылған болатын. Олардың ішінде қылмыскерге 1 млн 800 мың теңгеге дейінгі қаржысын сеніп тапсырған азамат та бар. Өзіне сенген 19 адамнан жұмысқа тұрғызам деген ақшасынан бөлек, жұмысқа қажетті құжаттарды дайындауда да ақша талап етіп және олардың барлығынан қарызға берілгендігі жайлы қолхат жаздырып алып, ізім-ғайым жоғалған қылмыскерді бөлім мамандары жедел іздеуші шаралары нәтижесінде Алматы қаласынан қолға түсірген. Бүгінге алаяқ өз қылмысын толық мойындап, қамау изоляторында жатыр.

Қалада дүкен мен пәтерлерді және саяжайлардағы ұрлық жағдайлары жиі орын алады екен. Дегенмен, «Ұрлық – түбі қорлық» екені бесенде белгілі. Ұрлық жасаймын деп торға тоғытылатындар аз емес. 20 саяжайды тонап, тұрғындар ашуын тудырған ұрлық фактісі де мамандардың нақты әрі жедел жұмысы нәтижесінде белгілі болған. Мыс зауыты маңындағы саяжайларды тонаған қылмыскерлер, бір түнде 5-6 жекеменшік бас сұққан. Соған орай жедел уәкілдер жазағы құрылып, 4 күн дегенде ұрылар қолға түскен. Үшеуі ұсталып, екеуі кейін анықталған, олар 18 бен 22 жас аралығындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері болып шыққан.

Тауу күндері ғана үй маңында алаңсыз отырған 14 жастағы жасөспірім қыз балаға пышақ сұғып кеткендігі жайлы әлеуметтік желіні шұлаққан ақпарат бойынша да жедел зерттеу жұмысы жүргізілген. Бейнебақылау камерасында жүзі анық көрінбеген айыпшыны киім арқылы деру іздерінің, жедел қолға түсірген мамандар оның 20 жастағы қала тұрғыны екенін, ұнатқан қызынан оң жауап ала алмағандықтан, өзге нәзікжандыларды жарақаттау арқылы кегін қайтарғысы келгенін анықтады.

Міне, тергеу бөлімінде күн сайын сан түрлі қылмыс тіркеліп, жауаптылар тиісті жазасын алуға жөнелтіледі. Ақиқаты ашылып, кінәлілер табылған істер барлығында пындаққа қолға жеткен жандар қуаныштан оң жауап ала алмағандықтан, өзге нәзікжандыларды жарақаттау арқылы кегін қайтарғысы келгенін анықтады. Міне, тергеу бөлімінде күн сайын сан түрлі қылмыс тіркеліп, жауаптылар тиісті жазасын алуға жөнелтіледі. Ақиқаты ашылып, кінәлілер табылған істер барлығында пындаққа қолға жеткен жандар қуаныштан оң жауап ала алмағандықтан, өзге нәзікжандыларды жарақаттау арқылы кегін қайтарғысы келгенін анықтады. «Біз үшін ең маңыздысы – нағыз қылмыскерді анықтап, жауаптыны лайықты жазаға тарту. Халықтың риясыз сенімі мен оң көзқарасынан артық жоғары құрмет жоқ» дейді Жезқазған қаласы тергеу бөлімінің мамандары.

Дайындаған: Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



Быыл наурыз айында жетпістің желкесіне шыққан, тұрғындарға Мұрат Зейінұлы ретінде жігі тыныс бүгінгі кейіпкеріміз №8 қазақ гимназиясында оқыған. Одан әрі 9,10-сыныптарды Борсөңгір елді-мекенінде аяқтап, өз болашағын дәрігер мамандығымен байланыстырғанды жөн деп табыды. Осылайша сан түрлі білікті мамандарды баулып, тәрбиелеп шығарған бүгінгі Қарағанды медицина университетіне оқуға түседі. Қолына дипломы тиісімен Ұлытауға жолдама алған оны жергілікті басшылық туған қаласында қалдыруға шешім қабылдайды. 1976 жылы санитарлық-эпидемиологиялық стансада алғашқы еңбек жолын бастайды. Аталған мекемеде 2014 жылға дейін еңбек етіп, бас маман, бөлім меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқара білді. Санитарлық-эпидемиологиялық стансаға жас маман болып жұмысқа орналасқан алғашқы күнінен бастап ағалық ақыл-кеңесін айтып, көрген-білгенін, көңілге түйгенін ортаға салып, жөн сілтеген Танатар Жанавек Мұрат ағаның айтар алғысы көп. Қаталдығы мен жанашырлығын қатар ұстап, жұмысты жүйелі ұйымдастыра білетін ұстазының арқасында сол кездегі ұжым қала игілігі үшін тер төгіп, аянбай еңбек етті. – Көп адамның ойына санитарлық-эпидемиологиялық станса дегенде тауарлар сапасын, көпшілік орындардың тазалығын бақылайтын мамандар оралады. Дегенмен, мезгіл өзім қызмет еткен тұстағы ұжым жұмысына көңілім толады. Бұл – өз-өзімізді мақтағаным емес. Біз кейде қатты сөйлеп, қатал

ӨЗ ІСІНЕ БЕРІЛГЕН

Дәрігер маманың міндеті алдына келген науқастың денсаулығын бақылап, ауру себебін анықтаумен шектелмейді. Бұл кәсіп жүректеріңізді, табандылықты және зор тәзімділікті қажет етеді. Оған қоса олар тәніне дауа іздеген науқастардың жан дүниесіне де ишпа болуға тырысады. Сол себептен де дәрігерлерді барша жұрт ақ халатты абзал жандарға балап, айрықша құрметтейді. Әлем елдерін жапса тармағай жасалаған COVID-19 індеті елімізде ауыз салған сәтте дәрігерлердің еңбегі ерекше еленіп, қаір сөзілді. Осы тұста алдыңғы шепте індетпен күрескен мамандардың бірі – эпидемиолог Мұрат-Тұрар ЖҮРСІНОВ.

ескерту жасайтынбыз. Себебі бізден де жоғарыдағылар соны талап ететін. Осылайша аталған жұмыста тазалыққа, нақтылыққа, ұқыптылыққа бейімделдік. Біздің көзімізден таса қалған бір қателік салдарынан халық жапа шегуі мүмкін еді. Сол себепті әрдайым әр ісімізді жігі бақыладық. Сол кездегі қала тазалығы да көңілімінен шығатын. Неге дейсіз ғой, Таңатар Жанавек стансадағы әрбір маман бақылауына қала көшпелерін бөліп беретін. Қалада әр бейсенді сайын тазалық жұмысы жүретін. Оған барлық мекемелер атсалысатын. Санитарлық-эпидемиологиялық стансадағы әрбір қызметкер өзі тұратын мекеннің тазалығына асқан жауапкершілікпен қарап, қамқор болатын, – деген Мұрат Зейінұлы сол кезеңдерді сағыныспен есіне алды.

Білікті маман зейнет жасына шыққаннан кейін де жұмыс істеуді тоқтатапты. Жоғары санатты дәрігер эпидемиолог ретінде Жезқазған қоналпалы ауруханасына шақырту алды. Алансыз үйде отыруға үйренбеген Мұрат Зейінұлы шақыртуды мақұлдап, ақ халатын қайта киіп, Ауруханадағы жалғыз эпидемиолог дәрігердің мойнына артылар іс пен жауапкершілік жүгі де молы рас. Ағамыздың жұмыс төрт дүние жұртын дүрбеп күйге түсірген коронавирус дерті біздің елімізде де қылан ала бастаған 2020 жылдың басынан тіптен көбейді. Маман тапшылығы, дәрі-дәрмек жетіспеушілігі көңілді күйзелтіп, індеттен көз жұмғандар саны артып тұста Мұрат Зейінұлы күн-түн демей дамылсыз жұмыс істеді. Барлық денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне обаға қарсы костюмді қалай кию қажетін, масканы дұрыс тағынуды, көп реттік костюмдерді залалсыздандыру әдістерінен бастап, барлық сақтану жолдарын үйретті.

Дәрігерлер мен медикелерге арнайы сабақтар өткізді. Әр ісін аяғына дейін жеткізетін ағамыз індетке қарсы күрескен мамандарды аттестациядан өткізді. Оның қайсарлығын, талапшылығын арқасында қалалық жұқпалы індетке қарсы күресуші мамандар жұмысы бір қалыпқа түсіп, бөлкен тәжіри-

бесі арқасында ауруға қарсы күресу біршама жеңілдеді. Жетпіске таяған шағында үйге кеші оралып, көп телефоннан дамылсыз қоңырауларға жауап беріп отыратын. Тәуліктей кез келген уақытында орындан атып тұрып, жұмысқа бет алатын. Ағамыздың осы еңбегіне барша қала халқы алғысын білдірері сөзсіз.

Денсаулық жағдайына байланысты қоналпалы ауруханадағы жұмысын тастауға тура келді. Сол қиын күндерді жары Мағрипа апай: «Жасы біршамаға келіп қалған ол халық қиналып жатқан кезде үйде отырғысы келмеді. Дәрігер де жауынгер сияқты. Әрдайым ат үстінде жүрген оған бұл кезеңдер оңайға соқпады. Үйде бүкіл бала-шағамызбен оның амандығын тілеп күтіп отыратынбыз. Кейіннен балалардың өтінішімен жұмыстан шықты. Ауыр отадан шыққан оның денсаулығы күтімді талап етті, – дейді. Ағамыздың сауаттылығын, өз ісіне деген адалдығын тамсана сөз еткен Мағрипа апаймыз қаша жылдық қызмет барысында Құдай қосқан қосағының адалдық жолынан айнымағанын, өзгенін ала жібіп атпамағанын тамсана сөз етті.

Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірген Мұрат Зейінұлы өзінің бақытты адам екенін айтты. Бүгінде бір немересі бар. Барлық дәрігерлік қызметін туған қаласына, кіндік қаны тамған жерінің игілігіне, оның гүлденуіне арнаған ол Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрінің Алғыс хатымен және облыстық және қалалық санитарлық-эпидемиологиялық стансалары, денсаулық сақтау бөлімінің, қалалық мәслихаттың Алғыс хаттарымен, «Жезқазған қаласына – 65 жыл» мерейтойлық төсбелгісімен т.б. түрлі деңгейдегі мадақталармен марапатталған. Қаладағы оналту орталығында эпидемиолог қызметін әлі де жалғастырып жүрген Мұрат Зейінұлы жастарға көп ізденуге, алдына келген науқасқа психологиялық көмекті де қатар ұсынып, оның да қиналып, жәрдем сұрап келген жаңға қолдау көрсетуге кенес берді. Ол өзі сүйеген іспен шұғылданған жан ғана жетістікке жетіп, абырой асқарынан қорінеді және мәңгі ел алғысына бөленеді дейді.



Быыл зейнетке шыққан ол еңбек өтілінде Жезқазған қаласы мен оған жақын елді-мекендерде де ұзақ жылдар еңбек еткен. Жезді ауруханасында бес жыл мейірбике болған ол қалалық ауруханаға жұмысқа орналасады. Кейіннен Мибулак ауылына қоныс аударған Галия Сәрсенбина бұл жерде он бір жыл мейірбике және жедел-жәрдем фельдшері қызметтерін қоса атқарды. 1995 жылы Жезқазғанға қайтып оралып, мамандық бойынша жұмысын қалалық қоналпалы аурухананың офтальмология бөлімінде жаластырды. 6 жылдан кейін «Тиль-

МЕЙІРІМІ МОЛ МЕЙІРБИКЕ

1974 жылы Жезқазған медицина училищесіне оқуға түсіп, екі жылдан кейін аталған оқу орнын тәмамдап, Жезді аудандық ауруханасына жолдамамен жұмысқа орналасқан Галия СӘРСЕНБИНА – қаламыздағы тәжірибелі мейірбикелердің бірі.

ман» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясына ауысқан ол аталған ем-дом орталығында жырма бір жыл еңбек етіп, быыл зейнет демалысына шықты.

Көп жылғы еңбек өтілінде екпе салатын мейірбике болған Галия Сәрсенбина «кез келген аурудың алдын алып, таралуын азайтатын басты құрал – екпе» дейді. Екі айдан асқан балаларға 16 жасқа дейін екпе жұмыстары жүргізілетіні белгілі. Туберкулезге, қызылшаға, тұмауға, А және В гепатиттеріне қарсы ескелердің барлығымен айналысқан ол коронавирус індетіне қарсы жүріп жатқан вакцина жұмыстарын қолдайтынның жеткізді.

Науқасқа тағайындалған ем-домның бойына тез дарып, шипалы болуы – мейірбике атқарған жұмыстардың сапалылығына тікелей байланысты. Сол себепті оған артылар жауапкершілік те мол. Диплом алған сәттен еңбек демалысына дейін осы жауапкершілігі мол

кәсіп міндетіне кір келтірмей атқарған Галия Сәрсенбина – 4 балаңың анасы. Қала халқы түгел дерлік танытын оның елден алған алғысы аз емес. «Науқастың бабын таба білу керек. Оның көңіліне қарап қарым-қатынас жасау аса маңызды. Абайсызда айтылған жөнісіз бір сөз оның жүрегіне қатты тиіп, аурудан айығуға деген үміт шырағын өшіруі мүмкін. Мен ешқашан алдыма келген науқастың ішкі сырын, қай жері ауыратынын тыңдаудан қашқан емеспін. Себебі кейде ол дәрігерге айтып денсаулығын қыр-сырын, өзін мазалайтын сұрақтарды сеніммен бөліуі мүмкін. Осы кезде мейірбикеге сабырлық қажет. Науқастың көңілін тауып, кішкене жылы сөз айтудың өзі оның өмірге деген құлшынысын арттыратын еді» деген ол осы мамандық тандығына еш өкінігенін жеткізді.

Барша ақ халаттылар, соның ішінде мейірбикелерге мол міндет жүктелген сәт – COVID-19 індетінің өршіген тұсы. Осы кезде қала бойынша мейірбике маманы тапшылығы

АҚЫН, ЖУРНАЛИСТ ИБРАГИМ БЕКМАХАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 70 ЖЫЛ

ҚАЛАМ ҚУАТЫМЕН ТАНЫЛҒАН

Қаламдас әріптес, ардақты дос Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫНЫҢ өмірден өткеніне де төрт айдың жүзі болыпты. Бірге жүрген күндердің барлығы күні кешегідей есімде. Асыл азаматтың кісілік келбеті, адамгершілік тұлғасы биік еді. Өзім деген дос-жарандарына «өзегім жұлып берердей» мәрт мінезді болатын. Шығармашылықтың шыңына шығуы мақсат тұтпаса да бойдағы талантын ірікпей, беріле еңбек етті. Жазуға келгенде жазыла шапқан жүйріктей еңбеккер еді. Жазған дүниелері оқырман көзайымына айналды. Енді артындағы өшпейтін мұрасы болып қалды. Ой-жоспарлары мен мұрат-мақсаттары көп еді. «Бір тойым болғанын сөзсіз менің» деп Төлген Айберенов жырлағандай, ол 70 жасын дүбірлетіп атап өтуге ниетпен жүрген болатын. Әттең, өлішеуі тағдыр оны бұл күнге жеткізбеді. Біз Ибрагимнің жетпіс жылдық белесін орны толмас жағдайда оны атап өтудеміз. Ендігі жерде аңқылдаған ақкөйлек досымыздың өткен өмір жолдары мен бірге жүрген жайсаң күндерді еске алудан басқа амал жоқ...



Уақыт шіркін қандай жүйрік! Күні кеше ғана сияқты еді, Ибрагимнің Торғай төсінен Ұлытау өңіріне қарай көштің басын бұрған кезі. Сол кездегі облыстық басылым «Жезқазған туының» редакторы Сабыр Сауытбаев ортамызға жаңадан келген шырышқ атқан ширақ жігітті таныстырып жатыр. «Бұл Бекмаханов деген журналист «Торғай таңы» газетіндегі апырып та, жапырып та жазып жүрген қаламы ұшыр жигіттердің бірі көрінеді. Алып келген газеттеріндегі етектей-етектей мақалалары мен очерктерін көріңдер. Торғай облысы жазылып қалған соң амалсыз келіпті. Сенім білдіріп, өз қатарымызға алсақ қалай болар екен?», — деп Сабкен алқа-қотан отырған қызметкерлерге әдеттегідей не айтасындар дегендей, көзіннегінін үстінен барлай қарады. Алып келген газеттерін алдымызға қарай ысырып қойды. «Алайық, ауыл шаруашылығына адам керек еді, совет бөліміне тілші керек» деп бөлім менгерушілері бірауыздан жана қызметкерге «құда түсе» бастады. Бұл — 1988 жыл болатын.

Сол кезде ордабұзар отызды еңсеріп, кемеліне келген жігерлі жігіт әуелден-ақ қалам қайратымен танылып, жезқазғандық әріптестерінің арасына жылдам сіңісіп кетті. Кеудесін керікіреп, енесінің жоғары ұстайтын балуан тұлғалы жігітке алғашқыда әлдеқалай болар екен деп сынай қарашулар да болған. «Жақсыда жаттық жоқ» деген осы болар, Ибрагим Сырда тұдым деп сырғатпаған жоқ. Елдің бәрін бірдей көрді, ала-құлалық көңіл ауанынан аулақ болды. Ақкөңіл мінезімен көпшіліктің көңілінен шықты. Кей жағдайда туралығын кесіп айтар мәрт мінезі де болатын. Жана жерден жолдас тапты, дос жинады. Жезқазғандағы ахарлы-шаһарлы кісі түсетін қазактын қара шаңырақты бір үйіне айналған еді.

Баспасөз саласындағы еңбек жолын Ибрагим Бекмаханұлы Қызылорданың Қармакшы аудандық «Коммунизм шамшырағы» (қазіргі «Қармакшы таңы») газетінде корректор болып бастап, радио хабарларын ұйымдастырушы, одан соң аға тілші болған кездерінде қалам қабілетін байқатқан болатын. Арасында бірер жылдай аупарткомда нұсқаушы болып қызмет атқарғанымен, жүрек қалауымен журналистиканы қолайлы көрді. Жас кезінен буржиратып өлең жазатыны бар-тын. Жас таланттық өлеңіне ақындардың абызы Әбділданың да назары түсіпті. Аудандық газет бетінде айтқан мына бір пікірінде: «Аудандық газетті үзбей алып, оқып тұрамын. Одан елдің тынысын сезінемін. Тағы бір айтарым, поэзияға да жиі орын беріледі екен. Ибрагим Бекмаханов, Шанғизада Әбдікерімов, Бақытқұл Мәдиұраев өлеңдері маған аса ұнайды. Поэзия аулына атбасын бұрған бұл жас талапкер ақындарға сәт сапар тілеймін!» — депті Әбділда Тәжібаев.

Иә, абыз ақынның ақ тілеуі қабыл болып Ибрагимнің қаламынан өрелі мақалаларымен қатар өршіл өлеңдері де қоса өрілді. Торғай жерінен жас қырандай түлеп ұшып, Жезқазған аймағында еркін қанат жайған жылдарында ол өзінің қарым-қабілетін барыпша айқын таныта білді. Оның бүкіл шығармашылық қуатының шарықат осуі мен биікке өрлеп толысуы көз алдымызда өтті. Алматы баспасынан жарық көрген алғашқы жыр жинағы «Шапағаттан» бастап, жыл сайын бір-бірлеп кітаптары шығып жатты. Қаламгердің «Сағымсары» поэмасы, «Сыр мен Арқа саздары», «Жарық сәулесі», «Жүрегімің шуағы», «Қасиетті мекен», «Жүректесті ырғақтар», «Сырдария-Ұлытау» атты поэзиялық туындылары, «Сыр мен Қырдың перзенті», «Дария көңіл, тау мүсіні», «Дария-ғұмыр», «Шалғайдағы емес, маңдайдағы театр», «Қарсақбайлық қайсар ұл», «Бекзат ғұмыр», «Кенжалы би» прозалық және «Жалмауызға да жан керек» деген сатиралық кітаптары жарық көрген. Оның барлығы кезінде оқырмандарынан оң бағасын алды. Ибрагимнің өлеңдеріне ақын Марғұба Айтқожа былайша баға беріпті: «Жезқазғанда бір ақын бар екендігіне осында, сазгер інім Марат Түсіпбековтің шығармашылық кешіне келгенімде анық көзім жетті. Ибрагим ақынның өлеңдері нәзік нірмістерімен, шынайылығымен, азаматтық әуенділігімен адамды ерекше баурайды екен. Бұл жай пафос емес, нағыз ақынға тән кесек болмысты аңғартады». Ал, Алаштың айтулы ақыны Ғалым Жайлыбай: «Ибрагим жырларының басты ерекшелігі — сыршылдығы мен ойшылдығында. Автор өмір құбылыстарын терен топшылап, оларды өзіндік мәнермен бейнелейді», — деп ой түйеді.

Сондықтан да оның ақын болмасына хақы жоқ секілді көрінетін маған. Ол атасы Тұрымбет жиырауды ел арасында көмескілене бастаған мұраларын талмай жүріп жинастырып «Талайды танырқатқан жиырауды», одан кейін «Атаңдым жас күнімнен бала жиырау» жинақтарын құрастырып басапанд шығарды. Ақын И.Бекмаханұлының шығармашылығында шоктығы биік дүниелерінің бірі Астананың «Фоллиант» баспасынан шыққан «Жарық сәулесі» жыр жинағы «Сырдария кітапханасы» сериясымен жарық көрген болатын. Мен Ибекенің бірнеше кітабына редактор болдым. Оның бойындағы бір абзал қасиеті «мен сондай едім» деп, әсте асып-тасуды білмейтін, бірқалыпты сарабал, қарапайым қалпынан айныған емес. «Болдым, толдым» деп даңдайсып, тоқырау да Ібекене жат қылық еді. Үнемі алға ұмтылу, тынымсыз еңбектен тер төгіп, шығармашылық ізденістің ләззатына бөлену оның басты мақсаты болды. «Сарыарқа» газетінен кейін республикалық «Азия-Транзит» газетінде меншікті тілші, қаладағы «Наз» басылымында редактордың орынбасары, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстанда» меншікті тілші, бөлім менгерушісі болған кезеңде де қарымды журналист ретінде айшықты қолтаңбасымен көрінді. Ол Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі болды. Баспасөздегі көп жылғы лайықты еңбегіне орай Журналистер одағының, облыс, қала әкімдерінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. ҚР «Ақпарат саласының үздігі» төселгісіні омырауына тақты.

Адалдықты ту еткен қаламгер мансапты, марапатты көксеген жоқ. Саналы ғұмырын шығармашылық жолына арнап өтті. «Ақын болу міндет емес, азамат болу — міндетің» деген ұстанымды дөп көретін Ибрагим ақынның азаматтық тұлғасы да көптеген қатарластарынан оқ бойы озық тұратын. Кейбіреулер құсап ол көлгіреуді білмейтін, бетке айтса да беталды айтпайтын. Дөң-жарандарына, ағайын-туысқа деген алғашуыс көңіл ерекше болатын. Жөн-жосықты жақсы бағалай білетін, адал дос, турашыл азамат ретінде оның жарқын бейнесі біздің есімде мәңгі қалары анық.

Ибрагим — зйгілі жиырау, атақты Сыр сұлулерінің бірі Тұрымбет Салқынбайұлының немересі.

Амандық РАХУЛЫ

АҚКӨЙЛЕК АЗАМАТ, АРҚАЛЫ АҚЫН ЕДІ

Сонау бір жылдары осынау Жезқазған-Ұлытау өңірінде Сырда туып, Қырда өскені мақтан тұтатын азаматтардың қатары аз емес еді. Олар ел Анасы Сырда кіндігін кесіп, өндірісті өлкенің дамуына өзіндік үлес қосып, қатпар-қатпар тасында табан, жарқын келбетінде алақан, рухани өмірінде талант ізін қалдырғанын орында мақтан тұтатын. Солардың бірі біздің Ибекенің — ақын, журналист Ибрагим БЕКМАХАНОВ болатын.

«Торғай таңынан» «Жезқазған туына» ауысып келген қызыл шырайлы, сылыңғыр келген жігітті ұжым жатсынбай қабылдаған. «Жылқы — кісіне-скенше, адам — сөйлескенше» демеі ме, томсыраймай, оқшауланбай тонның ішкі бауындай бірден араласа жөнелген адамды жаңа ұжым неге жатсынсын. Ибекен жәй ғана араласқан жоқ, ортаға салғаннан екпіндей еніп, еркіндей сөйлесіп жүре берген. Мұнысына «ә» дегенде әнтек жалт қарап барып, іле еріксіз бас ізеп, құптай жөнелгеніміз анық. Ол өйтпесіне қоймайтын да еді: аңқыдақ, кімге де болса құшағы айқара ашық болмысы бірден үйіріп алып кететін.

Аздан соң ақын екенін білдік, жүре келе алымды журналист екенін де дәлелдеді. Ибекен, ұмытпасама, облыстық газеттің үгіт және насихат бөліміне қабылданды. Аты айтып тұрғандай-ақ, бұл бөлімнен шығатын материалдың дені компартияның қасаң құжаттарын, съездер мен пленумдардың шешімдерін халық арасында кеңінен насихаттау болатын. Қай журналист өз қаламынан шыққан материалдың оқылғанын қаламасын. Міне, бұл ретте пеленесіне сіресіп қалған партиялық құжаттар негізінде өрілетін тақырыпты қаузап жағатын журналист әлгі сіресіп материалдың ішінен алтын сәулесіндей жиялтылап, оқырманын елең еткізіп ерте жөнелетін дән таба білуі тиіс еді. Ибрагим Бекмахановтың қалам қарымы солай жасады да.

Ибекенің ұжым арасында көп ұзамай-ақ үлкен сыйластыққа ие болғандығына дәлел ретінде «Жезқазған туына» келгеннен соң бес-алты жыл өтпей жатып облыстық «Ұлытау үні» фестивалі аясында әріптестер арасынан тұңғыш шығармашылық кешінің өтуін атап айтар едім.

Соның алдында Баткен — совет бөлімінің менгерушісі Бағырбек Мырзабеков ағамыз келіп: «Екеуіміз барып Мөрлібекке (ол тұста облыстық мәдениет басқармасының бастығы Мөрлібек Мұратбаев) кіресік, осы алдағы фестивалге Ибрагимнің жыр кешін қостырайық», — деп ұсыныс айтты. Біздің қолқамызды Мөрлібек сөз айтпай қабылдады. Сонымен ақын, журналист Ибрагим Бекмахановтың шығар-


машылық кеші бұған дейін ән мен жыр, күй мен би, айтыстан тұратын фестивалдің жаналығы ретінде қабылданды және дәстүрге енді. «Ұлытау үні» фестиваліндегі шығармашылық кеші Ибекенің шабытын шалқытып, азаматтық болмысын одан сайын асқақтатып жібергендей еді: жыр балалап, көңіл арнасынан асып-тасыған. Сонда ол бізге біздің облыстық газетпен бұрыннан жасасып келе жатқандай көрініп кететін...

Кейіннен Ибекендер 6-шағынауданға қоныс аударды. Үй жаққа бірге қайтатын болдық. Оның ұлы Ерлан мен менің ортаншы балам Арман бір сыныпта оқыды. Бұған дейін балабақшаға не мектепке барып көрмеген екеуіміз балаларымыздың сыныптағы шараларына қалмай баруға тырысатын үлгілі әкеге айнала бастадық. Бір көрген беттен жақын тартып кеткен біздерді қарым-қатынастағы осындай «ұсақ-түйектер» одан сайын біріктіріп жіберген.

Сол тонның ішкі бауындай жақындық мен облыс тараған тұста Қарағандыға ауысып кеткенде де үзілген жоқ. Ол біз шығарған республикалық «Азия Транзит» газетінің Жезқазған аймағы бойынша меншікті тілшісі болып еңбек етті. Ал кейіннен Сәтбаев қалалық «Шарайна», екі жылдан соң бұрынғы облыстық газеттің орнындағы аймақтық «Сарыарқа» газеттеріне жұмысқа келгеніме риясыз қуаңғандардың қатарында болды. Жауапты хатшының тізгінін ұстап, газетті заман талабына сай жаңартып, дамытуға белсене араласты. Әр күні шынайы достықпен өрілген осындайлық ыстық қарым-қатынасты Сырда туғанымен, Қырда бүкіл саналы ғұмырын өткізген, кенді өңірдің рухани дамуына өзіндік үлесін қосып, қайталанбас қолтаңбасын қалдырған арқалы ақын, қарымды қаламгер, ақкөйлек азамат Ибрагим Бекмаханов ағамды жеті ондық белеске шығар тұсында бір-жақты ғана еске алуға мәжбүр болып отырғанын өкінішті әрине. Арамызды оншақты жыл бөліп жатса да «сен» деп өзімінін сөйлесетін жалғыз әріптес ағамның нұры аппақ әлемде шалқысын деймін. Бұл тілекке өбден лайықтысын, Ибекем!

Төлеш АСАНОВ

Ибрагим БЕКМАХАНҰЛЫ



ЖҮРЕКТЕГІ БІРҒАҚТАР

Ақ көңілдің аты қашан арыған? Аққа сіре, уызымда жарығам. Мен дүниеге - жаралышпын әкемнің, һәм анамның ақ ұлпадай арынан.

Тағдыр мені сүріндірген, тіктеген, Намыс оты жігерімді жіктеген. Жүрегіміңн ырғағына бағынып, Мақсатыма асығамын діттеген.

Жетем бәлкім, биіктерге мен әлі, Аталардың жолын сақтап кәделі. Адалдықпен атым шықса — сол олжа, Жандүнием атым інкәр, дәмелі.

Жүрегіміңн ырғағы бұл — жан сырым, Мені алға жетелейді тағдырым. Амандықпен қарсы алғанға не жетсін, Арайланып атқан әрбір таң нұрын!

ДОСТЫҚ

«Достық сезімді диқанның дәніндей сақта». Қазақ мәтелі

Дос сезімге не жетеді мөп-мөлдір, Қаусарына қану оның мүмкін бе?! Құлпырады көктем-көңіл көгілдір, Сол сезімнің шуағымен бұл күнде. Досқа айтпайтын қалмайды сыр, мұңым да, Ол дегенің — туыстан да тым артық. Нағыз достар тұрады ғой шынында, Бір-бір заңғар таудай мұнартып.

ЖАЛҒАНШЫЛ ӨМІР ОСЫ ДЕТІ, КІМГЕ МҰНДЫ ШАФАСЫҢ?!...

Достарым көп, алапап еш бөлмеймін, Олар деген — өмірдің мол ырзығы. Мен шөлдемес адалдыққа шөлеймін, Адалдықтың жансыз дәйім жұлдызы!

Атам қазақ мәрт достықты ұнатқан, Ешкімді ол бөліп-жарып көрмеген. Тағдыр айдап келген елді жұбатқан, Құшақ жайып бәрине де төр берген. Қанында бар қасиет сол ұстамды, Ата жолы — жас ұрпаққа тәубірік. Мәңгі бақи жарастырып тұз-дәмді, Өмір таңы ата берсін жанарып. Адалдық пен алмас сертті құптаған, Қазағымның дос көңілі — кең дала. Болашаққа жасап жатқан нық қадам, Достығымен мықты біздің ел ғана!

ҰЛЫТАУ

Бағзы-бағзы заманнан аңыз қалған, Ұлытауда тарих көп андыздаған. Баба тау бұл, Ерліктің Бас несі, — Ешбір жауға қамалын алғызбаған.

Бағзы-бағзы заманнан аңыз қалған, Ұлытауда тарих көп андыздаған. Баба тау бұл — Елдік жайлы мәңгілік салғызған ән!

Баба тау бұл — Мың өліп, жаны қалған, Мың тіріліп, қайтадан жалындыған. Соны сезіп көмейі бүлк-бүлк етіп, Ұлардайын әнші күс әнін салған...

Қайда сол бір кішкентай Ұлар құсым, Неге үнсіз мүлгіді мұнарлы шың?! Аң-құс аман қала ма жер бетінде, Басылмаса пенденің құмары тым?

Бұл пенденің бындының кім тияды? Шолақ мылтық әр жерде қылтыяды... Арқа жақта қырлыған киік көрдік, Ашылмаған сырлары тұйық әлі.

Киелі аң-құс неліктен қырылады? Осы сұрақ көкейде тұрып алды...

Ұлар құсым, ақбөкен жануарым, Сендерді ойлап, жүрегім жырымдалды.

Сендерге атқан әрбір оқ жүрегімді, Жаралайды... Мұң жаулап ренімді. Сендерсіз тау, даланың сәні де жоқ, О, Ұлытау, бер менің тілегімді!

Бер менің тілегімді Ұлым үшін, Қара бала, қара орман жұртым үшін. Қайта оралып ұларым, киіктерім, Жаным жайнап, қуанып тұрсын ішім!

Сан өтсе де басынан мұқым заман, Ұлытауда ұлтымның құты қалған. Келген сайын бұл таудың бір ғажабы, Самал болып еседі рухы алдан!

Ұлт тарихы қойнауы тұнып тұрған, Ұлытауым жаралған тұнық нұрдан. Қасиетті киесі қолдасын деп, Ұлы өлкеге атбасын бұрып тұрам.

КӨК ЖҮЗІНДЕ КӨК ТУЫМ ЖЕЛБІРЕЙДІ

Тәуелсіздік таңы атты арайланып, Елтаңбама тамсанды талай халық. Әнұраның шалқыты Қазақ елі, Сарыарқаның төсіне сарай салып!

Ақ Орда бар Арқада жатқан алып. Сұлұлығы — бар әлем шаттанарлық. О, менің ұлан-асыр Ұлы далам, Тарихың көп тағылымы мақтанарлық!

Қайсы бірін айтайын ашып қарап, Уақыт бірақ, біздерді асықтырмақ. Таңғажайып бақыт тұр Ел басында, Отыздыққа іліну — асыл мұрат!

Жан сарайым көркейіп, жаһуттанып. Заман жайлы толғандым шабыттанып. Мұндай бақыт бұрын-соң болған емес, Бүкіл жаһан тұр бізді анық танып.

Анық бәрі — айбыным, Азаттығым. Төбен көкке тініп тұр, Қазақ, бүгін! Көк жүзінде Көк Туым Желбірейді Осы емес пе аңсаған ғажап күнің?!

Барлық ұлт пен ұлысқа төрін берген, Қайырым отыр үрлеуден ерінбеген. Ұлы Дала несі — Қазақ Елі Ұлытаудың адалдан теріп жеген!

АДАЛДЫҚ

Хақтың жолы қай кезде қолдағаным. Келеді әлі орнына толмағаным. Бұл өмірден көргенім, түйгенім бар, Ақ болмасаң әділ де болмағаным.

Ақтың отын халықпыз үрлеп жаққан, Адал, таза тірлікті үндеп баққан. Бұл өмірден сезгенім,білгенім бар, Бізді де ел табылар күндеп жатқан.

Нәрлі сөзге ел осы ұйып қанар, Нәрсіз сөздің аяғы сұйықталар? Бұл өмірден сезгенім, сенерім бар, Жөнсіздіктің жолы бір тұйықталар.

Тұйықталар жолы да жамандықтың. Тұйықталар қолы да арамдықтың. Жүректерге — нұр болып себілетін, Тұйықталмас жолы тек Адалдықтың!

ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Қызығына еслендеп, дүрмегіне ілестім, Бей дүние, кезінде мен де біраз тірестім. Жеңілген де кезім көп, жеңісіме сөзің жоқ, Тағдыр — қайық ескегің өзіңменен бір естім. Бергеніңе тағдырдың еттім ырас шүкірлік, Бермегенге тағы да еткенім жоқ күпірлік. Алты асу — белесім, Демеп-жебеп-келесің, Енді маған керекті бас амандық, бүтіндік! Дөңгеленген дүние, тізгініңе кім ісе, Бірде жүрем ашық боп, бірде бұлғтай түйіле. Сұмдығыңнан жерімің, шаттығына ерідім, Не жетсін-ау тірлікте қуанышты күйіме?! Таң жаршысы бозторғай, сен де шырыл қағасың, Жел шайқалтқан ағаштың сырғын кейде бағасың. Уақыт күтіп тұрмайды, Қызығыңды ұрлайды, — Жалғаншы өмір осы деп, кімге мұңды шағасың?! ...Дөңгеленген дүние, қайда кетіп барасың?!

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

Бүгінгі жарияланымның тақырыбы кездейсоқ пайда болған жоқ. Соңғы 2 жыл ішінде ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізілген жасалған дипломдарды пайдалану фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеулердің статистикасына қарай отырып: «елде жасалған дипломдардың жасырын нарығын жою мүмкін бе?» деген сұрақ ойға еріксіз оралады. Жауабын бірге іздеп көрейік.

# ЖАЛҒАН ДИПЛОМ: СҰРАНЫС ҰСЫНЫС ТУҒЫЗАДЫ

Бүгін әлеуметтік желілерде бұрынғы ТМД елдерінің көптеген университеттерінің жалған дипломын сатып алу туралы ұсыныстар ешкімді таңдандырмайды. Оның тек қолжетімділігі мен салыстырмалы түрдегі арзан бағасы емес, «жалған сатушының» жалған құжаттың сөзсіз сенімділігі мен қауіпсіздігіне сендіретін шешендік қабілеті таңдай қақтырады.

Жасаушылар мүдделі адамды сендіруде барлық құжаттар ресми бланкілерде басылып, шынайы құжаттарға сәйкес келетініне, ал олардың дипломы тексерулерден қорықпайтынына ескіп жасайды. Сатушының клиентпен кездесуіне мүлдем жол жоқ, алдын ала төлеу жалпы құнынан 50%. Мұның бәрі сатып алушыны сезіктендіруі керек еді, бірақ дипломды маман болу арманы сананы тұшшалайды.

Армандаған қағазын алу үмітпен қанша адамның «қармаққа іліккені» әлі белгісіз. Шынында да, бір қарағанда, бәрі өте тартымды көрінеді. Сіз бірден педагог, заңгер, журналист немесе Құдай сақтасын – дәрігер бола аласыз...

Алайда, осындай «жәсіпқой» жұмысқа орналасқанда, диплом мұқабасы осы бағытта қажет білімнің орнын алмастыра алмайды, салдарынан құқық қорғау органдары анықтайтын жалған дипломдардың саны жыл сайын артып келеді.

Өткен жылы Ұлттық қауіпсіздік комитеті 20-ға жуық жалған дипломды анықтады. Жалған құжаттарды пайдаланған адамдарға қатысты ҚР ҚК 385-бабының 3-бөлігі «Көрінеу жалған құжатты пайдалану» бойынша қылмыстық іс қозғалды. Қылмыстық кодекске сәйкес мұндай іс-әрекет «теріс қылық» ретінде сараланады, ал «шалыс басқандар» 15-тен 30 АЕК-ке дейінгі айыппұл не қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазамен ғана құтылады. Сатып алынған дипломдардың бұрынғы иелері әртүрлі салаларда жұмыс істеген. Бұл – «жоғары білікті, арнайы білім алған» педагогтар, ауыл әкімдері,

құқық қорғау органдарына кандидаттар, мемлекеттік қызмет басқармаларының бас мамандары. Басқаша айтқанда, біздің балаларымызды тәрбиелейтіндер, біздің тыныштығымызға жауап беретіндер, еліміздің саяси және идеологиялық процестеріне қатысатындар. Олар мұндай қаламға ойланбай, күйбең тірілік жетегінде барды деп айту дұрыс болмас.

Сатып алынған дипломдардың иелерінде қандай да бір жолмен мемлекеттік қызметке орналасу ниеті де байқалып жатады. Олар арнайы тексеру жүргізілетіні, оның ішінде республикамыздың және шетел мемлекеттерінің ЖОО-ларында оқу фактісі бойынша тексерілетіні туралы ескертілсе де болмайды. Әрине, сатып алынған дипломдар арнайы тексеруге төтен берілмейді.

Мысалы, 2018 жылы ұлттық қауіпсіздік органдары ұлттық компаниялардың біріне кандидат ретінде жоғары білім туралы жалған дипломды пайдалану фактісін анықтады. Бұл маманға жалған дипломмен мансаптық өсудің қанша саптысынан өткенін болжап көріңіз. Аткарып отырған лауазымдарына сәйкес, ол жас қызметкерлер үшін тәлімгер болған шығар, былайша айтқанда, «мамандық пен өмір негіздерін үйреткен». Тек бұл өміріңіздің едәуір бөлігі жұмсалатын мансаптық соңшалықты бекер аяқтауға тұрмайды.

2019 жылы Қызылорда облысындағы колледждің бірінші оқытушылары еліміздің кейбір жоғары оқу орындарының жалған дипломдарын дайындағаны және сақтаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Әдетте, сотқа дейінгі тергеу барысында шалыс басқандар өкініп, өз кінәсін толық мойындайды. Кейбіреулер оның салдарынан жоғары оқу орнын бітіре алмаған қиын өмірлік жағдайлары мен туыстарының алдындағы ұят сезімі оларды күмәнді қызмет көрсетуіне түріне жүгіруге итермелегені туралы айтады. Енді біреуін оқу ақы-

сын төлей алмағаны үшін шығарып жіберсе, тағы бірі отбасылық бақытты таңдап, оны оқумен үйлестіре алмаған.

Жалған дипломдарға деген сұраныс өмірдің қиындықтарын еңсеруді қаламайтын немесе білмейтін және өз мәселелерін қылмыстық жолмен шешуге асығатын, осылайша заңсыз бизнесті қолдайтын адамдардың ерекше санатын тудыруы ықтимал.

Бір нәрсе анық, біздің азаматтарымыздың санасы 90-шы жылдардағы қиын кезеңдердің артта қалғаны туралы қарапайым шындықты қабылдауы керек. Қазақстандық қоғам өзгеріп, дамуда. Бүгінде жұмыс берушілерге жай ғана дипломы бар кадрлар емес, заман ағымына ілесе алатын және сапалы білім алған жоғары деңгейлі мамандар қажет. Ұсынылатын мөртабыны бар құжаттың ешқандай заңды күші жоқ екенін түсіну үшін ерекше ақыл иесі болу қажет емес.

Жасырын бизнес әрекетінің тек жүйелі тұрғыда тоқтатуға болады. Әдетте, жұмысқа кандидаттар мемлекеттік қызметке кірген кезде ғана мұқият тексеруден өтеді. Егер жұмыс беруші кандидаттардың сәйкестігіне мұқият сауалнамалар, күрделі тестілеу жүргізсе, онда құжатты сатып алғысы келетіндер де әлдеқайда аз болар еді. Жалған құжаттарды пайдаланғаны үшін де, оларды дайындағаны үшін де заңды қатайту бизнестің осы түрін жоюды тағы бір қадамға жақындатар еді. Өйтпесе, бізге балаларымызды «жалған оқытушыларға» оқытқызып, сондай дәрігерлерден емделуге тура келеді.

Ал әзірге тек әр жеке адамның өзіндік санасы мен ар-ожданына, сондай-ақ еркін тыныстап, өшкере болу үрейсіз ұятына қарай еңбек ету ниетіне сену ғана қалады. Ертенгі күні өзіңіз сүйеу әрі еліктеу үшін лайықты үлгі болып табылатын балаларыңыздың алдында ұялмайтындай өмір сүру керек.

Бақыт ҚҰАНЫШ

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

## «ЖУСАН» ОПЕРАЦИЯСЫ – ЖАҢА ӨМІР ҮШІН АЛҒЫС

«Ұшақ баспалдағынан түсе салысымен, туған жер ісін жан-тәніммен сезінейін деп терең тыныстадым...» («Самира» естеліктерінен)

### «ЖУСАН» ОПЕРАЦИЯСЫ: ҚОЛДАУ МЕН ҚАРСЫЛЫҚ

Қазақстан азаматтарын Сириядағы соғыс аймағынан қайтару бойынша «Жусан» арнайы гуманитарлық операциясының басталғанына 2 жыл толды. Ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, дипломаттардың және операцияға тартылған басқа да құрылымдар қызметкерлерінің үйлесімді жұмысы мен жоғары кәсіпқойлығының арқасында 600 адам эвакуацияланды, оның ішінде 413 бала, оның ішінде 34-і жетім балалар.

Сол кезде қазақстандықтардың гуманитарлық операцияның қажеттілігі туралы пікірлері екіге бөлінді. Көпшілігі отандастарына жаңа өмір бастау үшін көмек қолын созу керек деп санады. Басқалары соғыс аймағынан оралғандары қазақстандықтарға радикалды идеологияны «құқтырады» және қоғам үшін қауіпті деген пікірге тоғысты. Алайда, олар ең бастысы – туған жерде өздерінің «адасқан» балаларын самайларын ақ кірген аналары, әкелері мен аналары – балалары күтіп жүргенін ескермеді.

2 жыл – ақ пен қараны ажыратып, жалған ұрандардың «беттердесін шешу» үшін жеткілікті мерзім. Скептиктердің болжамдарын жеткіп шығару үшін, Қазақстанның әртүрлі өңірлеріне барып, елге қайтарылған әйелдермен әңгімелестік, олар өздерінің «жаңа өмірлерімен» бөлісті.

#### АИША

Аиша ислам дініне шамамен он жыл бұрын келді. «Нағыз мұсылман» сияқты «никях» (неке кінәсі) жасағаннан кейін, өз жарына жақсы әйел болуға тырысты. Діни сенімнің толықтай қалыптаспауы салдарынан жас келіншек Сирияға «хижра» жасау (қоныс аудару) қажеттілігі туралы үнемі айтып жүрген күйеуінің көзқарасындағы радикалдылықтың зұлым тамырларын тани алмаған еді.

Күйеуі санасына сіндірген «әйел адам күйеуінің айтқанымен жүруі керек» деген қағида өбден бойлап, арбалған Аиша 2013 жылы онымен бірге Сирияға жолға шықты.

Аштық, күйзеліс, жаралыстар, әлі денелер, жұбайының қазасы – «бауырлар» уәде берген жұмысқа көрген азаттың жартысы ғана. Өкініп, әлдекімен көмек сұрау өмірге қауіпті болды.

«Бізге Қазақстаннан борт келген күннің әр сәті әлі анық есімде. Әйелдер жылаған күйде ұшаққа мүмкіндігінше тезірек мінуге тырысты. Тек кішкентай балалар ғана өздерінің аналары неге жылап жатқанын түсіне алмады. Жоспардың іске аспай қалып, ұша алмай қалу қаупі соңына дейін болды. Өйткені, біз осы уақытқа дейін әлден қорқып, ешкімге сенбеуге үйреніп қалдық...», – деп еске алады ол сол күнді Аиша.

Бүгін Аиша тек қуаныштан жиялайды. Теологтардың, психологтардың және жай көмек орамдардың көмегімен радикалды идеологиядан айыққан әйел дәстүрлі исламның нормаларын ұстанады.

Болашақта журналист болуды армандайды, ал қазір блогер және волонтер ретінде қоғамдағы үдерістер мен сезімтал мәселелер бойынша журналистика курстарын оқып, Instagram-да белсенді түрде парақша-

сын жүргізеді. Өзінің Сириядағы өмірінің мысалында радикалды идеологияның зияндылығын көрсетеді.

Откен жылдың соңында жас блогер Еуропалық одақтың 5000 еуро грантын жеңіп алды. Оны жүзеге асыру аясында Аиша жастарды деструктивті және экстремистік ұйымдарға тартуға жол бермеу туралы материалдар дайындайды.

Сенде бәрі жақсы болады, талатпанды да, арманшыға қол жеткізі!

#### САМИРА

Самира – жүрегі мейірімді және ерік-жігері күшті жас келіншек. Бала кезінен спортпен шұғылданып, жүделі орындарға ие болған. Оның өмір жолы Сирияға барған жүздеген әйелдердің тағдырына ұқсас: екі жас баламен заңсыз елден кету, құлазыған көңіл мен ақталмаған үміттер, күйеуінің қазасы, екінің неке және үй жағдайында тағы да екі баланы дүниеге әкелу.

Күйеуімен бірге шет елде шарнағат зана-на құрылған жақсы өмір іздеп, туған жерін, жақын адамдарын тастап кеткеніне қысылады. Жас балаларымен күрделі лагеріне бара жатып, Самира қоршауға түсіп қалады да, тек бір ғажап күштің арқасында тірі қалады.

«Әйелдер арасында жақын арада Қазақстан өз азаматтарын елге қайтаруды деген қауесет тарала бастады. Сириядан кеткісі келмеген әйелдер бізді сотқа тартыласындар, ал балаларыңды зайырлы түрде тәрбиеленетін балалар үйлеріне таратады деп қорқытуға тырысты. Бәріне көнемін, тек тезірек үйге оралсам деп ойладым», – дейді Самира.

Оңалту және қайта әлеуметтендіру курсынан өткен төрт баланың жас анасы волонтерлік жұмысқа да уақыт табады. Ерікті бел-

сенділермен бірге «Нұр Отан» партиясының қолдауымен мұқтаж жандарға азық-түлік себеттерін, жылы киімдер мен күнделікті өмірге қажетті басқа да заттарды таратады.

#### МӘРИЯМ

Мәриям 2019 жылдың мамыр айында Сириядан үш баласымен бірге оралды. Кейіпкеріміз де күйеуінің соңынан еріп, мұсылман еліне аттанып кеткен еді. Туыстары олардың отбасын Кувейтке тұрып жатыр, ал күйеуі ислам университетінде оқиды деп сеніп жүрген. ДАИШ құрамында соғысып жүрген күйеуі қайтыс болғаннан кейін, кішкентай балалармен бірге бұл жерде қалу өте қауіпті болды. Ауыз су мен азық-түліктің, қажетті дәрі-дәрмектердің жетіспеушілігі, тұрмыстық қиыншылықтардың болуы жағдайды ұшықтырып, соңдарында отбасыларына арналған лагер тұрғындары арасында үнемі қақтығыстарға әкелетін.

«Алғаш рет қазақстандық делегация «Аль-Холь» лагеріне Қазақстан азаматтары туралы мәліметтерді жинау үшін келді. Олар жақын арада қайтып келеміз деп уәде берді. Құтқарушыларымызды күткен айлар біз үшін мәңгіліктей созылды», – дейді Әйел.

Алғашқы оңалту шараларынан кейін Мәриям балаларымен бірге кіші отаны – Оңтүстік Қазақстанға жол тартты. Ойла-нып-толғанатан уақыт жоқ, Үш айлық тігін курстарын аяқтағаннан соң, Мәриям 530 мың теңге грант ұтып алып, тігін машиналарын сатып алды. Пандемияға байланысты тігін жабықтырын жалға беруге тура келді. Бүгінде Мәриям сәулулық салонында жұмыс істеп, өз клиенттерін жинауда. Болашақта ағылшын тілін оқытушысы болуды армандайды, осы оймен жазда педагогикалық колледжде түседі жоспарлап отыр.

### НҮКТЕСІ ҚОЙЫЛАДЫ

Біздің кейіпкерлеріміздің өткен жолдары бір-біріне ұқсас. Олардың бәрі күйеулерімен бірге халифатқа өмір сүру туралы армандаған. Енді оларды дәл қазір соқырлық пен жауапсыздық үшін кінәлаудың қажеті жоқ. Отаннан жырақтағы өмірлері естерін жигызды дегенге сенгім келеді, өйткені оларға, ең алдымен, балаларының өмірі үшін үлкен жауапкершілік жүктелген.

Қазақ халқының «Жетімнi жылатпаған, жесiрiн қаңғытпаған» деген баршаға танымал даналығы бүгінгі өмірде де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оз азаматтарын қайтара отырып, еліміз оларға жаңа өмір бастауға және Отанымен қайта қауышуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның өз отандастарын қайтару бойынша практикалық тәжірибесі халықаралық терроризмге қарсы іс-қимылдың ортақ тәжірибесіне елеулі үлесін қосуда. Тауы Шығыстағы қарулы қақтығыстар аймақтарынан отанына оралғысы келетін азаматтардың бар болуы «Жусан» операциясының жалғасатынын білдіреді.

Бүгінгі күні репатрианттар ел басылығы мен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бейбіт аспан астында өмір сүріп, балаларын тәрбиелеуге және өз кәсіпкерліктерін түзетуге мүмкіндік бергені үшін алғыстарын білдіреді. Өз отандастарын құшақ жая қабылдағаны және төзімділігі үшін ризашылықтарын білдіреді. «Жаңа өмір» үшін алғыстары шексіз...

Болатбек САМСАБАЙ

ЕСКЕ АЛУ

1961-1971 жылдары мектеп қабырғасында он жыл бірге оқып өмірден өткен сыныптас достарымыз, біреуге ауылы жер, асыл әке, қайырымды ата-әже болған асыл жандарымызды, асыл ұстаздарымыз: алғашқы білім нәрі берген Рақым Махметұлы Жолдыбаевты, «Ленин классы» атағына дейін жеткізіп тәрбие берген, сынып жетекшіміз болған Шарипа Жүнісованы еске аламыз.

Быыл мектеп бітіргенімізге – 50 жыл. Шіркін уақыт, не деген жүйрік едің? Біз, Жезді №6 орта мектебі 10 «а» сыныбының 1971 жылғы түлектері, туған жер топырағында бірге өсіп, балдыран балалық шақтың, жасылды жастық жаслардың бақытты сәттерін бірге бөліскен, татулығы жарасқан достар едік. Аман не, қара ормандай қатарымыз ойсырап, ауылы жандарымыздан тағдыр жазуымен көз жазып қалдық.

Аланың ісіне не шара? Арттарында берекелі отбасы, бауыр еті балалары, бірге туған бауырлары, жан достары барда олардың өмір көші жалғаса береді.

Асыл ұстаздарымыз бен азаматтарымыздың жарқын болмысы, нұрлы бейнесі мәңгілік есте сақталады. Досқа адалдық – рухқа адалдық! Көзден кетсеңдер де, көңілдесіңдер.



Рақым ЖОЛДЫБАЕВ

Әліппені алғаш қолға ұстатқан Біріміздің жүрегімізге жол тапқан. Өріп танып, сөз жазуды үйреткен. Рақым ұстазымыз біздер үшін зор мақтан.



Шарипа ЖҮНИСОВА


Сынып жетекшіміз Шарипа апай сыйлы адам Көкірегіне білім нәрін жинаған. «Ленин классы» атағына жеткізіп, Біздерге ол бар ғибратын сыйлаған. Қимастықпен еске аламыз, қадірлі ұстаз.



Райхан ШАЛТЫКОВА

Райхан староста боп жол бастады Есте қалды келбетімен сол жастағы. Ұстаздардың оң қолы болған сені, Мұңайып, еске алады жан достары.

Ұстаздарымыздың жатқан жері жарық, иманы шапағат болсын.



Ертай РЫСМАҒАНБЕТОВ

Қайран Ертай, абзал Ертай, ер Ертай Класымызда сері болған сен, Ертай. Сүйікті едің жан досымыз, мәңгілік Мамық болсын енді өзіңе жер, Ертай.



Күндыз СҮЛЕЙМЕНОВА

Класымыздың еркелеген Күндызы, Шоқтай болып жанып тұрған жұлдызы. Оқуымен, тәртібімен үлгі бол, Ардақ тұтты класымыздың ұл-қызы.



Несібелді АБСАЛЯМОВА

Сыныптас құрбымыз Несібелді Оқуда озықтардың көшіне ерлі. Құрметпен, кимас досты еске аламыз, Өлділесін туған жер бөсігі енді.

Құлын тайдай тебісіп бірге өскен. Жарқын бейнесің мәңгілік кетпейді естен. Талай қызық күндерді бірге өткізіп, Күндер қайда бір нанды бөліп жескен. Өмір жалған өтпелі екен қас-қағым, Жанға жара салатұғын басқа мұн. Сағыныпшен еске алады өздеріңді Жастайыңнан бірге жүрген достарың. Ұрпақтарына саналы ғұмыр берсін, Алып бәйтеректей жайқалып өсіп-өнсін. Жатқан жерлерің жайлы болып, Жандарың жәннатта, топырақтарың торқа болсын.

Еске алушылар: 10 «а» сыныбының 1971 жылғы түлектері: Алтын, Балқия, Балғабай-Алтын, Бейсенқұл, Ғайниязамал-Көбен, Жансап-Сақы, Жүрсін-Қапиза, Зейнеп-Бейсен, Зейнолла-Қарлығаш, Қадша, Қайыржан-Жанерке, Мағауия, Орынбасар, Сара, Серік-Бикен, Сейтбаттал-Бақыт, Темірлан-Күләш.

## БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ 1 ТРИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ҰЛҒАЙДЫ

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының ишоттарында 12,6 триллион теңге зейнетақы жинақтары қалыптасты. 01.05.2020 жылдан бастап 01.05.2021 жылға дейін зейнетақы жинақтарының сомасы шамамен 1 триллион теңгесіне немесе 8%-ға өсті.



Зейнетақы жинақтарының негізгі сомасы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен жинақталды, оның мөлшері 12,3 трлн теңге (жыл ішіндегі өсім – 8%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 319,3 млрд теңге (өсім 17%), ал ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы 2,3 млрд теңгеге (өсім 10%) жетті.

2021 жылдың төрт айында БЖЗҚ салымшылары өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көбірек қаражат салған. 2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша салымшылардың шоттарына жалпы көлемі шамамен 412,8 млрд теңге зейнетақы жарналары аударылған, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 65,7 млрд теңгеге немесе 19%-ға асып түсті. Жарналардың жалпы көлемінің 95,5%-ын БЖЗҚ-ға

МЗЖ бойынша түсімдер құрайды, олардың сомасы – 394,1 млрд теңге (өсім 19%), МКЗЖ бойынша 18,5 млрд теңге (өсім 14%) түсті, ЕЗЖ бойынша 216 млн теңге (өсім 90%) аударылды.

Зейнетақы жинақтарының өсуі 2021 жылғы 1 қаңтар мен 1 мамыр аралығында 475,8 млрд теңгені құраған таза инвестициялық табыстың арқасында орын алды. БЖЗҚ зейнетақы активтері бойынша кірістілік жыл басынан бастап 1 мамырға 3,8%, инфляция 2,7% құрады. Соңғы 12 айдағы кірістілік 9,8%, осы кезеңдегі инфляция 7,0% болды.

2021 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарының саны 11,6 млн бірлікті құрады. Шоттардың ең көп саны міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) бойынша ашылды, олардың саны – 11 059 450. Одан әрі МКЗЖ есебінен қалыптасқан шоттар – 522 080, БЖЗҚ-дағы ЕЗЖ есебі-

нен қалыптасқан шоттар саны қазір 45 334 бірлікке тең.

2021 жылдың төрт айында ғана БЖЗҚ салымшыларына 1,3 трлн теңгеден астам төлем жасалды, төлемдердің 1,2 трлн теңге көлеміндегі басым бөлігін біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ) құрады. Жас мөлшері бойынша төлемдер екінші орында – 32,7 млрд теңге. Одан әрі сақтандыру ұйымдарына аударымдар, олар шамамен 30,5 млрд теңгені, мұрагерлік бойынша төлемдер 22,7 млрд теңгені, ҚР шегінен тыс ТТЖ кетуге байланысты төлемдер 10,5 млрд теңгені, жерлеуге берілген төлемдер 1,7 млрд теңгені және мүгедектік бойынша төлемдер 0,8 млрд теңге болды.

Кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнет жасына толуына байланысты) 28 862 теңгені, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғары сомасы 522 610 теңгені құрады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

ДҮЙСЕНЫ 21 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
5:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ-2021. КОЛУМБИЯ - ПЕРУ. 8:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

СЕЙСЕНЫ 22 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
5:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ-2021. АРГЕНТИНА - ПАРАГВАЙ. 8:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

СӘРСЕНЫ 23 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:25 АҚПАРАТ. 7:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

БЕЙСЕНЫ 24 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
5:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ-2021. КОЛУМБИЯ - БРАЗИЛИЯ. 8:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

ЖҰМА 25 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
5:50 ФУТБОЛ. АМЕРИКА КУБОГІ-2021. ЧИЛИ - ПАРАГВАЙ. 8:00 «TANSHOLPAN».

ХАБАР
6:00 «ХабарLine». 7:00 «Таңғы хабар». 10:00 «Әсем әуен».

СЕНЫ 26 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:35 «Ғасырлар үні».

ХАБАР
6:00 Т/х. «Панештевер». 7:30 «Ән-өзі та- нис».

ЖЕКСЕНЫ 27 МАУСЫМ

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының құпиялары». Д/ф. 6:35 «Талай». 7:35 «Тәуелсіздік тәуекел».

ХАБАР
6:00 Т/х. «Панештевер». 7:30 «Самозна- нис».

Т/х. «Шашу». 13:15 Т/х. «Көкжал 2». 15:00 «Бүгін».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдар».

КТК
07:05 «Ұлы Тамшылар». 07:40 «ЯСМИННИҢ ТАҒДЫРЫ».

Мегахит. «Резольвер». 20:00 Қорғаның жаңалықтар.

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдар».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР».

Мегахит. «Напиролом». 20:00 Қорғаның жаңалықтар.

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдар».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР».

тон». 20:00 Қорғаның жаңалықтар.

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдар».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР».

15:00 «Бүгін». 16:00 Т/с. «Позывной «Стая»».

АСТАНА
6:00 «Ән мен әзіл». 6:30 «Күлдірген». 7:00 «Ұрланған тағдар».

КТК
07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР. 07:30 «ҰЛЫ ТАМШЫЛАР».

ну». 7:40 «Әсем әуен».

АСТАНА
07:05 «ЭЙЛ ҚЫРҒЫҚ ШЫРАҚТЫ». 07:50 «ҮЛКЕН ҮЙ-2».

АСТАНА
07:05 «ЭЙЛ ҚЫРҒЫҚ ШЫРАҚТЫ». 07:50 «КАЗАҚТЫҢ ЖІПТТЕРІ».

АСТАНА
07:05 «ЭЙЛ ҚЫРҒЫҚ ШЫРАҚТЫ». 07:50 «КАЗАҚТЫҢ ЖІПТТЕРІ».

МАСШЕДШАЯ ЛЮБОВЬ». 15:50 «АКВАРЕЛИ».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 15:50 «АКВАРЕЛИ».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 15:50 «АКВАРЕЛИ».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

СЛАБАЯ ЖЕНЩИНА». 16:00 «КОШМАР- НЫЙ ДИРЕКТОР».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

ДЫРЫ». 09:30 «СЕН МЫҚТЫСЫҢ, ТЕК АЛҒА».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

КТК
07:05 «ЭЙЛ ҚЫРҒЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

КТК
07:05 «ЭЙЛ ҚЫРҒЫҚ ШЫРАҚТЫ».

7-АРНА
06:00 «Қуырлақ». 07:00 «Айна-онпие».

10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 07:10 «Неге?». 08:50 «Армагеддон».

АҚШАМ
10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:50 «Армагеддон». 07:40 Информбюро.

АҚШАМ
10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

АҚШАМ
10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:50 «Армагеддон». 07:40 Информбюро.

АҚШАМ
10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 07:00 «Армагеддон». 07:40 Информбюро.

АҚШАМ
10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:20 Фильм.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:40 «Армагеддон». 07:40 Информбюро.

АҚШАМ
10:00 Новости т/к «Ақшам». 10:30 Информационный блок.

АҚШАМ
09:00 Информационный блок. 09:30 Готовим с Аделей.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 07:10 «Армагеддон». 08:10 «Окина орна».

31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:30 Алдараспан. Нысана, Шаншар әзілдері.

31-АРНА
06:00 Ризамын. 06:30 Алдараспан. Нысана, Шаншар әзілдері.

ҚҰДАЙ ҚОСҚАН ҚҰДАМЫЗ ЕДІ

2021 жылдың 8 маусымында ішкі істер саласының құрметті ардагері Нұрбала Мұхамедияұлы (Жепенұлы) БАЙЗАҚОВ мезгілсіз дүниеден өтті.

Нұрбала Мұхамедияұлы 1954 жылдың 17 сәуірінде Қарағанды облысы, Жезді ауданы Қарсақбай кентінде дүниеге келген. Ж.Жабаев атындағы қазақ орта мектебін, міндетті әскери борышын тәмамдағаннан кейін түрлі салада еңбек етті. Қарсақбай ішкі істер бөлімінде қатардағы қызметкерден бастап, кенттік көлік инспекция инспекторы, ішкі істер бөлімі бастығы, Жезді аудандық автокөлік инспекциясының бастығы, Жезді аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды. Кейінде Жезқазған облыстық ішкі істер басқармасында бөлім бастығы, Сотбас қалалық төтенше жағдайлар бөлімі бастығы қызметтерін атқарып, полиция полковнигі шенінде зейнеткерлікке шықты. Ішкі істер қызметіндегі еңбектері үшін 1980 жылы Москва олимпиадасына жолдама иеленген, бірнеше мәрте Ішкі істер министрілігі мен облыстық басқармасының Құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарымен марапатталған.



САРХАНОВТАР ӘУЛЕТІ

Нұрбала Мұхамедияұлы кезінде қазықтың кара шаңырағы атанған Қарсақбай кенті мен Жезді ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосқан азаматтардың бірі.

Құдамыздың отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтаса көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жуық, иманы жолдас, топырағы торқа болсын деп тілейміз. Жарқын бейнесі есімізде мәңгі сақталды.

АЛҒЫС РИЗАШЫЛЫҒЫМ ШЕКСІЗ

Мен Жезқазған аймақтық «Сауатқа» газеті арқылы алда келе жатқан дәрігерлер мерекесімен барлық дәрігерлер қауымын құттықтаймын. Жұмыста жемісті, табысты, дәрігерлік қызметін абыроймен атқарып, халықтың ізгі тілегіне кенеле берулеріне тілектеспін.

Адам баласы өмірге келгеннен кейін, әуелі бір Алла деп сыйынса, екінші көмек сұрайтынмыз – дәрігерлер. Сондықтан адам ауырғанда, қаралатын дәрігер білімі жоғары, адамдардың тілін табу қабілеті де өзгелерден ерекше болғаны жөн. Мені аяғым сыңғанда емдеген Мұстафин деген дәрігер болды. Ол өте ұқыпты, елгезек, ақкөңіл адам еді.

Өрине, дәрігерге барған адам, оған жазылсам деп барады. Сондықтан әр дәрігер өзінің халық алдында жауапты екенін естен шығармауы тиіс.

Жезқазғанда да жаны жапсаң, тіл- дескенде өзінді өзіне тарта сөйлеп, айтар ойыңды біліп тұратын қаншама ақ халаттылар дүниеден өтті. Олар – Әбдірахман Досаев, Аясын Ескендіров, Жауғаш Жауырғасов сынды азаматтар. Марқұмдардың топырағы торқа, жандары жәннатта болсын.

Бұл дәрігерлердің ізін жалғап келе жатқан ізбасарлары да жок емес. Жезқазған көпсалалы ауруханасында еңбек ететін Керім, бүйрек аурулары емдейтін Боранбай және отбасылық-дәрігерлік амбулаторияларының бас дәрігерлері Несібелді Бексейітова, Әдіша Әбділдина сынды дәрігерлермен мақтанамыз.

Осы мақаланы жазуыма себеп болған жандардың бірі – Үлмекен Қо- ардагер керт.

жасова. 1958 жылы 18 қазанда Қарсақбайда дүниеге келген ол 1966-1976 жылдар аралығында Ж.Жабаев атындағы №1 казак орта мектебінде білім алды. 1976-1982 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтында тәрәуеп мамандығын меңгерген. Ол 1982-1983 жылдар аралығында Жезқазған облыстық ауруханасында еңбек етті. 1984 жылдан бастап қазірге дейін Қарсақбайдағы отбасылық ауруханада бас дәрігер болып қызмет етуде.

Осы жылдар ішінде еңбегі елеусіз қалмай, бірнеше рет облыстық, аудандық мақтау қағаздарымен марапатталған.

2007 жылы Ұлытау ауданының Құрметті азаматы атағы берілді. Аудандық мәслихат депутаты болып сайланды. 2016 жылы қазанда «Алтын жүрек» ұлттық номинациясын және «Шапағат» медалін иеленді.

Мен өз еңбегі үшін сый-құрметке лайық бірден-бір жан Үлмекен Қожасова дер едім. Абзал дәрігердің алдағы өміріне мол қуаныш, шаттық, әр ісіне сәттілік, сарқылмас күш тілеймін.

Мен қазір Жезқазған қаласындағы «Әбділдина» ОДА-сында бас дәрігердің қарауында емделіп жатырмын. Маған және отбасыма керекті ем-дом алуыма жағдай жасап, қамқорлықтың арнасын аямаған дәрігер Жібек Алтынбаева және мейірібіне Марияға алғысым шексіз. Олардың бұл еңбегін қаттарға жасалып жатқан қамқорлық, үлкенге құрмет ретінде түсінемін.

Әбділжас ЖҮТІНСОВ, ардагер керт.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ ЕСІРТКІ ҒАСЫР ДЕРТІНЕ ҰРЫНДЫРУЫ МҮМКІН

1987 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы жыл сайын 26 маусымда халықаралық нашакорықпен күрес күнін атап оту жөнінде шешім қабылдаған болатын.

Нашакорлық – бұл адамзат баласының денсаулығы мен еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін үлкен қатер. Есірткіге тәуелділік – бірнеше адамның немесе бір елдің проблемасы емес, бұл адамдық апат.

Бүгінгі күні жастар өз-өзін тәрбиелеуде деп жиі естиміз. Ата-анасының табыс табу жолында, бала тәрбиелеуге уақыты болмауы қазіргі таңда қоғамның алаңдатыншы проблемаларына айналуда. Күні бойы өздеріне өздері қожайын болып, бос уақыттарын галатор жөлісінде өткізіп, қоше аралап кеткен жастар аз емес. Жаман ой қалыптасқан ортамен араласу есірткі, ішімдікке қамса салған жас ұл-қыздарымыз қазіргі таңда арамсыздық бары өкпіндіреді. Жоғарыда біз атаған жаман әдеттердің ішіндегі ең қауіптісі – есірткі. Өйткені одан толық аралуды бірен сараның қолынан ғана келеді.

Есірткі – адамның көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті тыйым салынған улы зат. Ол адамның есін алдыны, құмарлық желігіне ұшыратады, нашакорлық есірткісіз өмір сүре алмайтын халге жеткізеді. Әр нашакор жылына кем дегенде он адамды нашакорлыққа тартады, осылайша ол есірткі тұтынушылардың қатарын көбейтуде. Ал егерде нашакорда АИТВ жұқпалы болса, ол жылына 20 адамға осы дертті жұқтыру мүмкін. АИТВ-жұқпалы халықтың денсаулығына қауіп төндіретін, қоғамның бірлігіне, дамуына кедергі келтіретін проблема болып табылады. Есірткі тұтынушыға көбінесе психикалық тұрғыда әлсіз, өз қозғалысы жоқ, жүйке жүйесі нашар жастар тез ұшығайды. Нашакорлыққа ұшыраған адам ең бастапқыда өзін туғла ретінде жоғалтады, кейіннен отбасынан айырылып, туған-туысқандар арасында ботен адамға айналады. Есірткіге

Гүлбаршын ӘШЕВА, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды облыстық ЖИТС» ның алдың алу және күресу жөніндегі орталығы» ҚМҚ Жезқазған бөлімінің дәрігер-эпидемиологы

БСН 050340007333, ЖСК KZ09856000005225027, БСК KСJВKZKX «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС. Меншік несі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Директор – бас редактор Дархан Қабылдашұлы МҮХАН. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы сессия көке кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №569. 08.07.1997 ж.). Газетте жарияланған мақала авторларының пікірі редакцияның түпкілікті қозғалысы болып табылмайды. Мақалалардың нақтылығы үшін автор жауапты. Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс №23. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады. Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА, фотоліші – Лұман ӘБІЛТАЕВ. 100600, Жезқазған қаласы, Т.Есенбердин көшесі, 63/3. http://saryarqa.info E-mail: sa\_jez@mail.ru whatsapp +7 708 420 19 88. Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарату бөлімі: 77-50-25.



(Соңы. Басы 1-бетте)

# ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ БІЛІМ ОРДАСЫ



Кейінгі 15-16 жылдан бері «Іс қағаздарын жүргізу және мұрағаттану» мамандықтары бойынша мамандар даярлау ойдағыдай жолға қойылды. Негізгі мамандықтармен қоса «Мектептің тәрбие жұмысын ұйымдастырушы», «Күтуші», «Бастауыш мектепте ана тілінен білім беру» бағыттары бойынша қосымша мамандықтарға да оқытылады.

Осы жылдар ішінде оқу орны мыңдаған шәкірттерін қанаттандырып, үлкен өмірге жолдама берген екен. Түлеп ұшқан түлектердің еліміздің әр өңірінде еңбек етіп жүргенін, олардың біразы танымал тұлғаға айналғанын колледж ұжымы орында мақтан тұтады. Мәселен, ҚарМУ-де еңбек ететін профессор Салтанат Әбдідина, Назарбаев интеллектуалды мектебінің аға оқытушысы Азамат Сауғабай, мектеп директорлары Марал Әбішева, Гүлмира Ідрисова, Бибігүл Құлбаева, бөбекжай бастығы Нағима Тағыбергенова кезінде осы орыннан түлеп ұшқан болатын. Колледжді бітірген соң жоғары білім алып, ұшқан ұяға оралып ұлағаты ұстаз болып жүргендер де ұжым құрметіне бөленген. Олардың қатарында колледж директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ә.Шауенованың, оқытушылар Қ.С.Ермаганбетованың, Ә.Д.Бекмағанбетованың, жас мамандар В.С.Төленнің, А.С.Естаеваның, А.Ж.Мәшіраптың, А.Ф.Мирамның есімдерін атауға болады. Жас ұрпақтың қолындағы білім негізі бастауыштан қалайнда дейтін болсақ, колледжде болашақ педагогтарға осы жоғары талаптарға сай білім мен тәрбие беру басты орынға қойылған. Бітірген түлектердің жұмысқа орналасып, өмірден өз орнын табуы да назардан тыс қалмаған. Колледж педагогтарының жүргізген талдаулары бойынша бітірушілер 100%-ға жуық еңбекпен қамтылған көрінеді. Айталық, қаладағы білім ұяларының бірі №1 мектепте 23 бастауыш сынып болса, осылардың басым көпшілігінің мұғалімдері гуманитарлық колледжді бітірген мамандар. Сондай-ақ, іс жүргізуші мен мұрағат білімділіктері бойынша оқып шыққан түлектер де қаладағы мекемелердің барлығында абыройлы еңбек етуде.

Ұжымдағы педагогтар қауымы үнемі ізденісте болып, креативті ой-

ларымен, инновациялық әдістерімен танылуда. Көптеген облыстық, аймақтық іс-шаралардың мазмұнды өтуіне ұйытқы бола білуде. Өз міндеттерін тыңғылықты атқарып, шығармашылық ізденіспен жұмыс істейтін тәжірибелі оқытушылардың есімдерін атап өтуге болады. «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері» Сәуле Шатенова, «Жылдың жүз үздік ағылшын тілі пәнінің мұғалімі» төсбелгісінің иегерлері Гүлнар Оспанова мен Гүлмира Трахпанова, республикалық «WorldSkills» чемпионатында, «Дарынды балаға – талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасына жетекшілік жасап, жүлделі орындарды иеленген Гүлсім Шауенова, жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге лайықты үлестерін қосып жүрген Нұрғұл Құлмағанбетова, Мырзағай Темірбеков, Гүлфайруз Қалжанова сынды оқытушылар ұжым мақтанышы саналады. Осындай ұжым мақтаныштарының бірі педагогика пәнінің оқытушысы, ҚР Білім беру ісінің үздігі Бактыбек Асылбековпен оқу орнының жетістіктері туралы кенінен әңгімелескен едік. Бактыбек Шаңтайықызы 2001-2019 жылдары колледждің «Бастауыш білім беру» бөлімінің меңгерушісі болған, осы салада 32 жыл еңбек етілі бар тәжірибелі педагог. Облыстағы колледж оқытушылары арасынан суырылып шығып, 2015 жылы «Жылдың үздік педагогы» төсбелгісіне ие болған.

— Колледжіміз жас түлектерді кәсіби бағдарлау бойынша облыста, республикада жүлделі орындарға ие

болып жүр. Атап айтқанда, 2019 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысындағы бөсекеге түскен 11 колледждің арасынан біздің ұжым «Ең белсенді колледж» номинациясын иеленген болатын. Сондай-ақ, «Ұстаздық – шектеусіз өнер» облыстық кәсіби шеберлік байқауында жүлдегер атансақ, «Profi-KZ» әлеуметтік және бизнес жобалары байқауында үшінші орын, бейнероликтер байқауында бірінші орын алдық. Осы тұрғыда басқа да жетістіктер баршылық. Оқытушылардың уақытпен санаспай, тынымсыз қызмет етуі жемісті нәтижесін беруде десек болады. Жастар жылы аясында ұйымдастырылған «Мен – жас қазақстандықпын» қалалық форумында «Үздік оқу орны-2019» номинациясына ие болсақ, Г.К.Серікбаева мен Р.Т.Түсіпназарованың жетекшілігімен білім алушыларымыз «Дарынды балаға – талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде жүлделі I орын, республикалық кезеңінде III орын, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы «WorldSkills Karaganda» аймақтық және республикалық чемпионатында колледж жүлделі I және II орындарды алып, мерейге бөленді.

Колледжде жаңартылған білім беру мазмұнын игеріп, аймақтағы еңбек ресурстарының сұранысы бойынша бөсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау дұрыс жолға қойылған. Бізде сапалы білім, саналы тәрбие берудің барлық мүмкіндіктері қарастырылған. Пән кабинеттері заманауи құрал-жаб-

дықтармен жаратқандырылған. Колледждің оқу ғимараты мен студенттер жатақханасына 2018 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жаңартылды. Жатын орындары мен тұрмыстық бөлмелерінде барлық қолайлы жағдай жасалған 80 орындық жатақханада Түркістан қаласынан, Ұлытау, Жаңаарқа аудандарынан келген оқушылар жатып оқиды. Оқушылардың мүддесіне сай керек-жарак мүліктермен жабдықталған, интернет желісі қосылған. Құжат реттеу мәселелері бойынша балалар ХҚО-ға жүгірмейді, жатақханада өзінің қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Балалардың бос уақытының демалып, тынығу үшін ғана емес, рухани жағынан дамып, жалпы жан-жақты кемелденіп жетілуіне арнаулы көңіл бөлінген. Осы мақсатта колледж студенттерінің бос уақытын тиімді ұйымдастыруды көздеген 16 клуб пен үйірме жұмыс істейді. Студенттеріміз көптеген халықаралық, республикалық байқаулар мен слеттерде белсенділік танытып, жүлдегер болып жүр. Жан-жақты білімді мамандар даярлаудағы жетістіктер де аз емес. Мәселен, колледжіміздің ағылшын тілі бөлімін бітірген балалардың ішінде әрі қарай білімін тереңдету үшін Англия, Австралия, Түркия елдерінде оқып жатқандары бар. Еліміздің әр өңіріндегі білім беру, ғылым, мәдениет салаларында жемісті еңбегімен танылып, жақсы жетістіктерге жетіп жүрген түлектерді көргенде кеудемізді мақтаныш сезімі кернейді, — дейді

тәжірибелі педагог Бактыбек Шәкенбайқызы.

Иә, жарты ғасырдан асатын кезеңде тамырын тереңге жайған тағылымды білім ордасы ең әуелде бастауыш мектептердің педагогтарын даярлаумен дараланса, бүгінде сұранысқа сай басқа да мамандарды түлетумен керегесін кеңейтіп отыр. Мемлекеттік тапсырыспен аймағымызда ежелден тегін білім беру бағытын ұстанған оқу орны да осы колледж болып табылады. Қоғамның бүгінгі маңызды бағыты – бизнесті дамыту бойынша да жұмыстар атқарылууда. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық бөлімшесі қолдаған бағыт бойынша 2019-2020 оқу жылынан бастап қаладағы бөбекжайлармен келісім шарт негізінде «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша дуальді оқыту енгізіліп, жүйелі жұмыстар қолға алынғыпты. Быыл гуманитарлық колледждің күндізгі бөлімін 117, сырт-түлі оқытатын бөлімін 40 түлек бітіреді. Аздағы жана оқу жылында мемлекеттік тапсырыс бойынша 170 бала қабылданып, тегін білім алумен қамтылады. Мұның ішінде 130 бала жылдағыдай облыстық бюджет есебінен, 40 бала «Еңбек» бағдарламасы бойынша республикалық бюджет есебінен оқиды. Тәуелсіз еліміздің болашағы жолында өз салалары бойынша жас мамандар қатарын толықтыру мақсатындағы дәстүрлі үрдіс осылайша жарастықпен жалғаса берсін.

**Амандық РАХУЛЫ**  
Суретте: Колледж ұжымы

«100 – жаңа есім» жобасына қатысушысы екенінен бейхабар болған жеңімпаздардың бірі – қарағандылық Виктория ПАК. Оны атаған байқау тізіміне қарамағандағы қызметкерлер қосқан екен.

## ШЕБЕР ВИКТОРИЯ

«Шебердің қолы ортақ» дейді дана халқымыз. Осынау аталы сөздің тігінін, дизайнер Викторияға да қатысы бар. Анасынан дарыған шеберлігі арқасында табысқа жеткен бизнес-ледидің табысқа жету жолында төккен маңдай тері де аз болған жоқ.



Ел мәнса таппай қиналып жатқанын көрген ол анасы екеуі арқылдаса келе маска тігуді қолға алған. Ақ және түрлі түсті маталардан маска тігіп, ғаламторға жүктеген оған бір апта ішінде 1500 маскаға тапсырыс түскен. Осылайша маска тігіп сатқан ол вирустан қорғайтын костюм тігуді де қолға алады. Еңбегі сұранысқа ие екенін білген ол үйіне қайтпай еңбек етеді. Осылайша 6 адам еңбек ететін цехын үлкейтіп, бүгінде 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ол пневмония кезінде дәрігерлерге 70 баға қарсы киімді сыйға тартты.

«100 – жаңа есім» жобасында жеңімпаз атанған шебер қыз өз брендин одан әрі дамытып, көздің жауын алар жаса сән үлгілерін ұсынуында мақсат еткен.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ЖАС ТҮЛЕК – 2021

# ҮЛКЕН ӨМІРГЕ ҚАНАТ ҚАҚТЫ

*Биыл мысты шаһарда 11-сыныптың 540 оқушысына соңғы қоңырау соғылған болатын. 14 маусым күні түлектер ресми түрде оқушы мәртебесімен қош айтысып, аттестат алды. Қала бойынша 32 алтын белгі мен 25 үздік аттестат иегері мемлекеттік сынақтардан сүрінбей өтіп, білім ұялары мен ұстаздарының мәртебесін биіктетті.*



Карантин шектеулеріне орай енгізілген қаулыға сәйкес түлектер мектеп қабырғасындағы соңғы салтанатты жиындар ашық алаңда ұйымдастырылды. №2 Кенгір елді-мекені мектебі де аттестат табыстау жиынын барлық талаптарға сай, жоғары мазмұнда өткізе білді. Биыл №2 мектептен Ұлболсын Асқарова, Берген Әжібаев, Ақбота Бақытжанова, Әмина Пауден деген Мирас Саламат есімді 5 оқушы түлеп ұшты. Еліміздің Өнұранымен басталған шараны одан әрі мектеп директорының міндетін атқарушы Елена Танкаева жалғастырып, шәкірттерге ақжарма лебізін білдірді.

— Орта мектеп қабырғасында

«Мектеп – кеме, білім – теңіз» деген қанағатты сөзді жиі ауызға аламыз. Ал сол кемелдің тізгінін ұстаздар ұстаса, жолаушылары – шәкірттер. Бір-бір үйдің еркесі саналған ұл-қыздарды бағып-қағып, әліппеден бастап жазу-сызуды үйрететін ұстаздар еңбегі шексіз. Сол ұстаздар тәрбиелеген шәкірттер де мақтанышымыз. Біз сіздермен мақтанамыз, жас түлектер. Алда сынағы мол өмір жолы күтіп тұр. Сол жолда сынбай, еңселеріңді түсірмей, алға қойған мақсаттарына аман-есен жетулеріңе тілектеспін. Болашақтарың жарқын болсын!», — деген Елена Танкаева жас түлектерге ақ жол тіледі.

**Ай СҮГІР**

## ТӘЖІРИБЕ

# СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

*Ғалымдар бұдан бұрынғы жылдары есер шарында су ресурстары бойынша таяу жылдары «су тапшылығы болабы» деп болжама жасаған болатын-ды. Сол тапшылық біздің елімізде орын алуда. Оған бүгінгі күндері Оңтүстік, Батыс Қазақстан өңірлерінде қуаңшылық болып, ішетін су, жайылатын ишп болмай мал қырылуда. Соған байланысты елімізде азық-түлік бағасы, көкөніс түрлері қымбаттауда.*

Қазақ атам «Судың да сұрауы бар» деген мақалын еске алып, суды үнемді, тиімді пайдалану – бүгінгі күннің басты мәселесі. Құран Кәрімде: «Теңіз жағасында отырып дәрет алсаң да, суды ысырап жасама», — дейді.

Біз осы жағдайды еске ала отырып, үй ауласындағы бау-бақшаны технологияның кейінгі жетістігі – тамшылатып суару, инновациялық әдістемесіне көштік. Бұл біздің өңірде жоқтың қасы. Ол үшін әуелі үйдің жаңынан құдық қазып, суын насос арқылы алдын ала дайындалған бөшкелерге құйып, жылғаннан кейін кешке қарай суару қондырғы аппаратына қосамыз. Өр лентаның арасын – 50 см, бір лентаның көзінің арасы – 20 см.

Жоғарыда тұрған бөшке-лердегі судың қысымымен ленталағы көздерден су тамшылауаға бастайды. Бұл біріншіден пайдалы есер коэффициентін арттыру, суды үнемдеп пайдалану, әр түп көкөніске су молшерлі түрде беріледі және тынайтқыш беруде оңай. Оған түсінікті болу үшін мына суреттерді ұсынып отырмыз.

**Бірінші:** Су жинайтын ыдыс екі бөшке – 500 л. Оның жерден биіктігі 0,7-1 м. аралығы бұл биіктік ленталарға гидро қысым түсіру үшін қажет.

**Екінші:** Біз жерді егілетін көкөніс түріне қарай екіге бөлдтік.

**Үшінші:** Біз жерді егілетін көкөніс түріне қарай екіге бөлдтік. Бұл ерте көктемде егілетін домалақ жау (репчатый) мен сәбіз, картопка арналды.



**№2 еріктік** – 1,5 сотық, кеш отырғызылатын қызанақ, қияр, қырықбабат, тәтті бұрыш, қызылша, баклажан, т.б. Мұны екіге бөлудегі мақсат оңай суарылады және көкөніс түріне қарай су беру үшін де қажет. Бұл жерде атыз қазылмайды, суару үшін күнде шланг сүйремейсің, арам шөпте азады, яғни жұмыс жеңілдейді. Мұны жарнама-лаудағы мақсат біріншіден, су үнемдеу болатын болса, екіншіден, жермен айналысу

**Қалір ҚУЛАХМЕТОВ**  
Жезді кенті

**ВАКЦИНАЛАУҒА ҚАЛАЙ ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ?**

ЕҒУ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ МҰНЫ БІРНеше ЖОЛМЕН ЖАСАУҒА БОЛАДЫ:

**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТ САЙТЫ АРҚЫЛЫ** e.gov

1. eGov порталында авторизациядан өту қажет.

2. «Қызметке онлайн тапсырыс беру» бөліміне өту;

3. өзінің медициналық ұйымын көрсете отырып өтінім беру;

4. өтінімді қарағаннан кейін медициналық ұйым вакцина салу күні мен уақытын белгілейді;

**ДАМУМД МӨБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ**

1. Жеке кабинетте уәаскелік дәрігердің қабылдауына жазылу;

2. Ескертпеде мақсаты көрсетілуі керек - КВИ-ға қарсы екте алу

3. ӨЗ ЕМХАНАСЫНА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП, ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ ХАБАРЛАСУҒА БОЛАДЫ

4. Жеке куәлігі болу керек

Дереккөз: ҚР Денсаулық сақтау министрлігі kazinfo



## Тәуелсіздік жылынамасы

2012 жыл

Қарағанды облысы әкімінің оқимімен Бауыржан Қабденұлы Шыңғысов

Жезқазған қаласының әкімі болып тағайындалды.

Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінде академик Қ.Сәтбаевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Қазақстан жолы-2050» Мәңгілік ел ұлттық идеясы аясында «Ғылым әлеміне ұмтылыс» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Қаламыздағы С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрының құрылғанына 40 жыл толды.

Автокөліктер және басқа да техникаларға қажетті сүзгілер дайындайтын «Казтехфильтр» кәсіпорны өз жұмысын бастады.

Облыстық білім басқармасының қолдауымен №9 кәсіптік лицейдің ғимаратында қаладағы «Үміт» балалар үйінің жанынан 35 балаға лайықталған «Жасөспірімдер үйі» ашылды.

Ө.Мұқанұлының «Қазақтың 6000 мақал-мәтелдері» атты кітабы жарыққа шықты.

Қарағандыдағы «Театр балалар көзімен» атты дәстүрлі аймақтық фестивалде С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театры қойған «Бәйтерек» спектакліне бірінші орын берілді.

Жезқазған шахтaproходқа-лау басқармасы өздiгiнен жүретiн төбесiн тегiстеп өтетiн жана машиналармен толықты. «Жомарт», «Степной» және «Шығыс Жезқазған» кенiштерi Финляндияның «NORMET» өндiрiсiнiң «SCAMEC 2000» атты қазiргi заман машиналарын алғашқы болып iске қосты.

Халық шығармашылығы мен көркемнерпаздар өнерiнiң XXII аймақтық «Ұлытау үнi» фестивалi өттi.

Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайында «Көшбасшы арулар: тiрiшiлiктiң тынысы» атты көрме ашылды.

Облыстық мәслихаттың депутаты Базарбай Әлеухандұлының атсалысуымен қалалық «Дидар» телерадиохабарларын тарату дирекциясы ғимаратында аймақтық баспасөз клубы ашылды.

Халықтар достығы мен мәдениет үйiнде жирыш, термешi, Қазақстан Республикасының еңбек сiңiрген мәдениет қайраткерi Шыңболат Дiлдебаевтың туғанына 75 жыл толуына орай еске алу жиыр-терме кешi өттi.

«Ұлытау-Флора» тұтыну кооперативi өз жұмысын бастады.

## 2013 жыл

28 ақпанда С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында XXIII «Ұлытау үнi» фестивалi салтанатты жағдайда ашылды.

7 тамыз күнi С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-драма театрында Қазақстан Журналистер одағының, Қазақстан Жазушылар одағының, Қазақстан театр қайраткерлерi одағының мүшесi, Жезқазған қаласының Құрметтi азаматы Апбаз Қаражігітовтың 90 жасқа толған мерейтойы атап өтiлдi.

Жезқазғанға жұмыс сапарымен Премьер-министрiнiң бiрiншi орынбасары, Өнiрлiк даму министрi Бақытжан Сағынтаев келiп, аймақтық маңызды бар нысандарда болып, өндiрiс орындарының жұмысымен танысты.

«Жезқазған-Сексеуiл» темір жолы Қоскөл станциясынан 70 шақырым жерде Сексеуiлден тартылған жана жолмен түйiстi.

«Мысты өңiр» газетiне 25 жыл толды.

Облыс әкiмiнiң бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерi арасында жарияланған «Алтын сұңқар» сыйлығын «Мысты өңiр» газетiнiң редакторы Амандық Рахұлы иелендi.

С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалы-сазды драма театрының актері Дүйсен Кенжеев «Жыл артисi» номинациясы бойынша жүлдегер атанып, облыс әкiмiнiң «Алтын қобыз» сыйлығына ие болды.

Ана мен баланың аялы ұясы Жезқазған қалалық перзентханасының ашылғанына 50 жыл толды.

**Жезқазған қаласының мемлекеттік архиві**